



## МӘДЕНИЕТКЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ – БАСТЫ БАҒЫТ

«ӘДІЛЕТТІ ЖӘНЕ ПРОГРЕССИВТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ КОНСТИТУЦИЯСЫ ҮШІН» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ КОАЛИЦИЯ МӘЖІЛІС ТӨРАҒАСЫ ЕРЛАН ҚОШАНОВТЫҢ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНА БАРДЫ. ЖҰРТШЫЛЫҚПЕН, ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАММЕН, СТУДЕНТТЕРМЕН, ШАХТЕРЛЕРМЕН, МӘДЕНИЕТ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІМЕН, ЖЕРГІЛІКТІ МӘДЕНИ ҚАУЫМДАСТЫҚ ПЕН АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУЛЕРДЕ ҚАРАҒАНДЫЛЫҚТАР ЖАҢА АТА ЗАҢДЫ ҚОЛДАЙТЫНДЫҚТАРЫН БІЛДІРДІ.

Жаңа Конституция нормалары жөніндегі талқылау Қарағанды облысының жұртшылығымен және Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдерімен кездесуден басталды. Достық үйінде қоғам қайраткерлері, этномәдени бірлестіктер өкілдері, мәслихат депутаттары және пікір көпшіліктерімен кездесулерде 200-ге тарта адам жиналды.

Кездесудің негізгі тақырыптары – биліктің барлық тармағын жаңарту, этносаралық бейбітшілік мәселелері, қазіргі қоғамдық келісім институттарының трансформациясы және жаңа консультативтік орган – Халық кеңесін құру болды. Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов жаңа Конституцияның құндылықтары қоғамды әділдік, заңдылық және барлық азаматтарға тең мүмкіндіктер сияқты айқын және түсінікті басымдықтар негізінде біріктіретінін атап өтті.

– Тәуелсіздікті сақтау мен нығайту жолындағы басты міндет – мемлекетіміздің ішкі тұрақтылығын және тұтастығын қамтамасыз ету. Бұл мәселе жаңа Ата Заң жобасында нақты көрсетілген. Онда билік институттарының құзыреттері мен функциялары айқын әрі нақты белгіленіп, олардың арасындағы теңгерім толық сақталған. Жаңа Конституцияға сәйкес, Қазақстанда Президенттік басқару формасы сақталды. Мемлекет басшысы Конституцияның кепілі болып, мемлекеттік аппараттың үздіксіз, үйлесімді әрі жүйелі жұмысын қамтамасыз етеді, – деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Төрағасы атап өткендей, жаңа Конституция президенттік реформалар бағытының жүйелі іске асырылуы мен кең ауқымды қоғамдық талқылаудың нәтижесі болды. Ата Заң еліміздің барлық азаматтарына тең мүмкіндіктер ашады және саяси жүйенің барлық құрылымын қоғамның ең өзекті сұраныстарына сәйкес қайта жүктейді.

Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметінің трансформациясы туралы сөз қозғалғанда, коалиция мүшелері Ассамблеяның тұрақтылығы қамтамасыз етіп, этносаралық келісімді нығайтуда маңызды тарихи рөл атқарғанын атап өтті. Президент ұсынған жаңа институт – Халық кеңесі халық бірлігін нығайтудағы жаңа қадам болып, этномәдени бірлестіктердің өкілдерін, мәслихат депутаттарын және азаматтық сектор өкілдерін біріктіруге тиіс.

Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары Марат Әзілханов өз сөзінде Халықтық Конституция қоғамдық келісім, халық бірлігі және этносаралық диалог қағидаттарын нығайтатынын атап өтті. Оның айтуынша, құжат «біз әртүрліміз, бірақ теңбіз» қағидатын бекітіп, этносына немесе өңіріне қарамастан барша азаматтардың мүмкіндіктерінің теңдігіне кепілдік береді.

Аймақтық коалиция мүшесі және «Вайнах» бірлестігінің төрағасы Увайс Джанаев Қарағанды

тарихи тұрғыда көпзатты өңір екенін атап өтті. Қазір мұнда 60-тан астам этномәдени бірлестік жұмыс істейді. Ол жаңа буын Ассамблея мүшелерінің қоғамдық жұмысқа белсене араласатынына тоқталды. Сонымен қатар жаңа Конституция жобасын қолдайтынын білдірді. Халық кеңесінің құрылуына ерекше назар аударды. Бұл көпұлтты өңірлердің ерекшеліктерін ескеруге және қоғам мен мемлекет арасындағы диалогты күшейтуге мүмкіндік береді.

Мазмұнды әңгіме Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университетінде зиялы қауым өкілдері, профессорлық-оқытушылық құрам және студент жастар арасында жалғасты. Талқылауға шамамен 500 адам қатысты. Ашық форматтағы диалог қатысушыларға жаңа Конституцияны қабылдаудың тарихи маңыздылығы, білім беру жүйесінің болашағы, жастар мен интелектуалды еңбектің ел дамуына қосатын рөлі жөнінде пікір алмасуға мүмкіндік берді.

Кездесуде Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов пен Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек жаңа Ата Заң жобасында ел дамуының басым бағыттары ретінде алғаш рет ғылым мен білім бекітілгенін атап өтті. Бұл – Қазақстанның болашақта білім мен ағартуға негізделген, интелектуалды және білімді ұлт құру жолын таңдағанының айқын көрінісі.

Коалиция мүшелері қоғамда жаңа Конституция жобасының мазмұны туралы терең пікір қалыптастырушы ретінде оқытушылар мен академиялық қауымдастықтың рөлін ерекше атап өтті. Кездесу барысында қатысушылар бұл құжат Қазақстанның орнықты дамуы үшін жаңа негіз қалыптастыратынын, онда білім беру, ғылыми-зерттеу қызметі, ғылыми жобалар мен инновациялық бастамаларды қолдау басым бағыттарға айналатынын айтты.

Коалиция мүшелері зиялы қауым назарын алдағы референдумның тарихи маңыздылығына аударды. Жаңарған Ата Заңдағы өзекті жаңашыл нормалар Ұлы Даланың мыңжылдық тарихының сабақтастығын сақтауға, жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілетуге, татулық пен бірлікті нығайтуға, сондай-ақ ғылым, білім, инновациялар мен зияткерлік саланың дамуын конституциялық деңгейде қолдауға бағытталғаны айтылды.

Барлық кездесу қорытындысы бойынша Қарағанды облысы тұрғындары жаңа Конституция жобасына қолдау білдіріп, референдумға қатысу елдің алдағы бағытын қалыптастыратын маңызды қадам екенін атап өтті.

**Жалпыұлттық Коалициясының баспасөз қызметі**  
**Фото: Әли Ғалым**  
 Дайындаған: «AMANAT MEDIA GROUP» ЖШС  
 Тапсырыс беруші: М.Ж. Османов  
 «AMANAT» Партиясы» ҚБ қаражатынан төленді



## ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ӨЗЕГІ – ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАР

МЕМЛЕКЕТТІК КЕҢЕСШІ ЕРЛАН ҚАРИН «ӘДІЛЕТТІ ЖӘНЕ ПРОГРЕССИВТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ КОНСТИТУЦИЯСЫ ҮШІН» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ КОАЛИЦИЯ МҮШЕЛЕРІМЕН БІРГЕ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖҰРТШЫЛЫҒЫМЕН БІРҚАТАР КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ.

Мемлекеттік кеңесшімен бірге өңірге Жалпыұлттық коалиция мүшелері – Парламент Мәжілісі Төрағасының орынбасары Дания Еспаева, Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев, Президент Телерадио кешенінің директоры Раушан Қажыбаева, Л.Пумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің проректоры Индира Рыстина, театр және кино актері Асылхан Төлепов, продюсер әрі кәсіпкер Алмас Жали, Uni-Q Group медиахолдингінің бас директоры Мұхамедқали Тауан, «Ұлттық рух» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Аят Сүгірбай барды.

Сапар аясындағы негізгі іс-шара – өңір активімен өткен кездесу. Оған мыңнан астам адам қатысты. Олардың қатарында өңірдің көрнекті қоғам қайраткерлері, еңбек ардагерлері, мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңесстердің, этномәдени бірлестіктердің, саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдардың мүшелері, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, бизнес салаларының өкілдері, жас көпшіліктер және өзге де азаматтар бар.

Кездесу Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаровтың баяндамасымен басталды.

Бұдан соң Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин жаңа Конституция жобасын әзірлеу барысына және оның ел болашағы үшін стратегиялық маңызына жан-жақты тоқталды. Ол жаңа Конституция білім беру, ғылым, инновациялар мен адам капиталын дамыту ісін басым бағыттар ретінде айқындай отырып, ел дамуына тың серпін беретінін мәлімдеді. Сондай-ақ жаңа Конституция еліміздегі барша азаматтың, барлық әлеуметтік және кәсіби топ өкілдерінің мүддесі мен сұранысын қамтитынын ерекше атап өтті.

Кездесу барысында Жалпыұлттық коалиция мүшелері де сөз сөйледі.

Парламент Мәжілісі Төрағасының орынбасары Дания Еспаева бірпалаталы Парламент – Құрылтай құруға қатысты институционалдық өзгерістерді және оның биліктің заң шығарушы тармағын нығайтудағы, меншік құқығы мен ұлттық экономика мүддесін қорғаудағы маңызын түсіндірді.

Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев азаматтардың құқығы мен бостандығын кепілдік қылып, заң үстемдігін қамтамасыз ету және жаңа конституциялық нормаларды тәжірибе жүзінде іске асыру мәселелеріне назар аударды. Сондай-ақ Министр әділет жүйесіндегі тәуелсіз адвокатураның рөлін нығайту мәселесіне тоқталды.

Ақтөбе облысының тұрғыны, Еңбек Ері Аманғос Төлеуов жаңа Конституция мазмұнының әлеуметтік бағыты мен адамға негізделген бағдарын атап өтті.

Театр және кино актері Асылхан Төлепов жаңа конституциялық нормалардың мәдениетті, шығармашылық еркіндікті және креативті индустрияны дамытуға қатысты маңызына мән берді.

Сапар аясында «Ақтөбе рельс – арқалық зауыты» кәсіпорнында теміржол саласының қызметкерлерімен кездесу өтті. Әңгімелесу барысында Ерлан Қарин жаңа Конституция мемлекеттік саясаттың әлеуметтік бағдарын күшейтіп, азаматтардың еңбек құқығын қорғау кепілдіктерін бекіту арқылы еңбек адамының мәртебесін арттыратынын атап өтті.

Кейін Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде студенттер қауымымен мазмұнды кездесу ұйымдастырылды. Ерлан Қарин Қазақстан тарихының көптомдық академиялық жинағының негізгі жаңашылдықтарына тоқталып, мемлекеттің тарихи дамуына біртұтас көзқарас қалыптастыру жолындағы отандық ғалымдардың ауқымды әрі тыңғылықты еңбегіне назар аударды. Ол конституциялық реформа осы тарихи сабақтастықты жалғастыра отырып, мемлекеттілік құндылықтарын бекітетінін және Қазақстанды заманауи, әділетті әрі прогрессивті мемлекет ретінде одан әрі дамытуға құқықтық негіз қалыптастыратынын атап өтті.


Сонымен қатар өңірдегі креативті сектордың өкілдерімен де кездесу өтті. Aktobe IT Hub алаңында Мемлекеттік кеңесші мәдениет саласының, IT-сектордың және креативті индустрияның өкілдерімен жүздесті. Талқылау барысында адам капиталын дамыту, инновацияны қолдау және жаңа Конституцияда ғылым, технология және шығармашылық еркіндік басымдықтарын бекіту мәселелері қозғалды.

Сондай-ақ Жалпыұлттық коалиция мүшелері «ПО Глобал-Спецдежда» кәсіпорнының ұжымымен кездесті. Онда әлеуметтік кепілдіктер, еңбек құқығын қорғау және еңбек адамы мәртебесін конституциялық деңгейде бекіту қадамының маңызы талқыланды.

Барлық кездесу барысында Ақтөбе облысының тұрғындары жаңа Конституция жобасы қоғамның әділдік пен институционалдық тұрақтылыққа деген сұранысына жауап беретінін және мемлекетті одан әрі жаңғыртуға қажет берік құқықтық негіз қалыптастыратынын атап өтті.

Жалпы, өңірде өткізілген кездесулер жаңа Конституция жобасына кең қолдау бар екенін және жұртшылық 2026 жылы 15 наурызда өтетін республикалық референдумға белсенді қатысуға жоғары қызығушылық танытып отырғанын көрсетті.

**Жалпыұлттық Коалициясының баспасөз қызметі**  
**Фото: Әли Ғалым**  
 Дайындаған: «AMANAT MEDIA GROUP» ЖШС  
 Тапсырыс беруші: М.Ж. Османов  
 «AMANAT» Партиясы» ҚБ қаражатынан төленді



## ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛМАҒАН

ШЕТЕЛ ТАУАРЫНА «ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН» ДЕП БЕЛГІ ҚОЙЫП, ОТАНДЫҚ ӨНІМ ӨНДІРУШІ АТАНЫП КЕЛГЕНДЕР БҰДАН БЫЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙ АЛМАЙДЫ.

Яғни, қағаз жүзінде ғана «отандық өнім» болу енді жеткіліксіз. Егер өндіріс базасы, технологиялық операциялар, өңдеу деңгейі расталмаса, компания мемлекеттің қолдауына ие бола алмайды. Мұның барлығы биыл 1 қаңтарда іске қосылған отандық тауар өндірушілер реестрі арқылы реттелмек.

Жалғасы 2-бетте

## Серік ТҮРҒЫНБЕКҰЛЫ: МЕН ТУРАЛЫ АЛҒАШҚЫ ПІКІРДІ МҰҚАҒАЛИ ЖАЗЫП ЕДІ...

Бізді екінші Алматы вокзалынан Кеңшілік бастаған бірнеше жігіт күтіп алды. Кілең жерлестер. Анау да «менімен жүр», мынау да «менімен жүр» деп жатыр. Кеңшілік: «Серік менімен бірге кегеді. Бәрін реттеп қойғанмын», – деп кесіп айтты. Алматының думанды ортасына осылай қосылдық қой.

5»



## Ділда УӘЛИБЕК

## ЖАЛҒАН ӨНІМДІ ЖАРЫЛҚАУ ЖОҚ

Жыл басында Қазақстанда тауар өндіретін кәсіпкерлердің реестр платформасы жұмысын бастады. Нақтырақ айтқанда, бұл реестр – шын өнім өндіріп жүргендер мен «отандық өнім» деген белгіні тек миллиардтар айналып жататын мемлекеттік сатып алуға жолдама ретінде пайдаланып келгендердің аражігін ажыратып беретін сүзгі. Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі жолдаған сұрағымызға берген жауабында реестр отандық бизнес реттелетін сатып алуға қатысу мен мемлекет қолдауын алу үшін қажет міндетті цифрлық платформаға айналатынын, бұған бизнес орта отандық өндірісті қолдаудың жаңа кезеңі деп баға бергенін айтты.

– Іске қосылған қазақстандық тауар өндірушілердің реестрі бизнес ортада қызу талқыланып жатыр. Бір тарап оны мемлекеттік сатып алуларды «тазалату» құралы



# ҚАЗАҚСТАНДА

## жасалмаған

десе, енді бірі өндірісті жүйелі қолдаудың жаңа кезеңі деп бағалайды. Бұл – отандық бизнестің реттелетін сатып алуларға және мемлекет қолдауына қол жеткізуі үшін міндетті құралға айналатын цифрлық платформа, – деп мәлімдеді Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі.

Яғни, егер компания Қазақстанда шын өнім өндіретінін дәлелдей алмаса, реестрге енгізілмейді. Бұл – ең бірінші және басты талап. Алайда мәселе тек тізімге кірмеумен ғана шектелмейді, сонымен қатар реестрге кірмеген компания реттелетін сатып алуларда отандық өндіруші деп танылмайды; отандық өнімге берілетін басымдықтарды пайдалана алмайды; белгілі бір жағдайларда өндірісті қолдау шараларын ала алмайды, ұзақ мерзімде келісімшарт жасаса алмайды.

– Яғни, қағаз жүзінде ғана «отандық» болып саналудың өзі енді жеткіліксіз. Егер өндірістік база, технологиялық операциялар, өңдеу деңгейі расталмаса, компания мемлекеттік қолдау саясатының бенефициары бола алмайды. Бұл қадам отандық өндірісті қолдау саясатының сапасын түбегейлі өзгертеді. Бұрын кей жағдайда құжат жүзінде ғана өндіруші болып көрінген субъектілер де қолдау алып келген. Енді қолдау нақты өндіріс жүргізетін кәсіпорындарға бағытталды, – деп түсіндірді министрлік.

## РЕЕСТРГЕ КІРГІН КЕЛСЕ, РАСТА

Сонымен, басты талап – өнімнің Қазақстан аумағында нақты өндірілетінін дәлелдеу. Тексеру барысында компаниялар өндіріс қуатын, құрал-жабдықтарын, технологиялық операцияларын, локализация деңгейін, цифрлық верификация нәтижелерін растайтын деректер беруі қажет.

– Негізі өлшем – өнімнің қасиетін өзгертетін нақты өндірістік процесс бар ма, жоқ па анықтау. Бұл шикізатты өңдеу, бөлшектерді дайындау, дәнекерлеу, механикалық немесе химиялық өңдеу сияқты операциялар болуға тиіс. Егер кәсіпорын тек дайын өнімді қаптаумен немесе импортталған жиынтықтарды формалды жинақтаумен айналысса, мұндай қызмет отандық өндіріс деп танылмайды, – дейді Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі.

Бірінші нәтижелерге қарасақ, тегік рәсімден де темірдей тәртіппен жұмыс істейтін сияқты 5,5 мыңнан астам өтінші кері қайтарылған, тек 978 субъект өнім өндіретінін дәлелдей алған.

– Бүгінде реестр аясында 6 787 компания тіркеліп, 978 субъект тексерістен өтіп, өздерінің қазақстандық тауар өндіруші екенін растады. Ал 5,5 мыңнан астам өтінші өтіншілерді қарау барысында кері қайтарылған. Бұл шамамен 670 компания өндірістің бар екенін растай алмаған. Негізгі себептер – өндірістік қуаттың болмауы, технологиялық операциялардың расталмауы, локализация бойынша сенімді деректердің жоқ екені, цифрлық тексерістің нәтижесі төмен болуы, – дейді министрлік.

Айта кететін бір жайт – министрлік реестрге кіре алмағандар нақты сол оқлықтарын түзесе, қайтадан өтінші жіберсе алатынын айтады. Сондай-ақ бұл бастама ішкі өндірісті дамытуға сеп болып, әділ бәсекеге жол ашып, қосылған күн салығы ел ішінде қалыптасуына мүмкіндік береді деп түсіндірді.

«Мемлекеттік сатып алуларда нақты өндірісі бар компаниялар ғана преференция алады. Бұл бюджет қаражатының импорттық өнімді жанама қолдауға емес, ішкі өндірісті дамытуға жұмсалуды қамтамасыз етеді. Компаниялар мемлекеттік және реттелетін сатып алуларға қатысу үшін нақты өндірістік база құруға мүдделі болады. Бұл жаңа жабық алуға, технология енгізуге, локализация деңгейін арттыруға итермелейді. Бұрын формалды «өндірушілер» шынайы өндіріс жүргізетін кәсіпорындармен бірдей жағдайда бәсекеге түсе алатын. Енді талаптар барлығына бірдей, бірақ өлшем нақты: өндіріс фактісі. Бұл шағын және орта бизнес үшін де маңызды, себебі оларды әділетсіз демпингтен қорғайды. Өңдеуші өнеркәсіп, машина жасау, металл өңдеу, химия және құрылыс материалдары өндірісі сияқты салаларда нақты технологиялық операциялар орындалғанда, қосылған күн Қазақстанда қалыптасады. Бұл жұмыс орындарын сақтауға, салық түсімдерінің өсуіне, өңдеуші сектордың үлесін арттыруға ықпал етеді».

## ТЕПІК ТЕЖЕГІШКЕ АЙНАЛМАСЫН

16 қаңтарда Парламент Мәжілісінің пленарлық отырысында депутаттар мен Үкімет өкілдері арасында осы реестрге қатысты өткір пікірталас өрбіді. Мәжіліс депутаты Азат Перуашев ресми есептерде

цифрландыру мен «тазарту» науқаны ретінде сипатталатын бастама іс жүзінде өндіріс орындары үшін жаңа тұқандық айналығанын айтты. Үкімет отандық тауар өндірушілердің бірыңғай тізімін жалған компанияларды нарықтан ығыстырып, мемлекеттік сатып алуға әділдік орнататын құрал ретінде ұсынғанымен, өңірлерден оралған депутаттардың айтуынша, шынайы ахуал әлдеқайда күрделі.

«Ақ жол» фракциясының жетекшісі Азат Перуашевтің мәлімдеуінше, аймақтардағы кәсіпорындар жаппай тіркеуден өте алмай отыр. Қантардың ортасына дейін өзі аралаған зауыттардың ішінен тек біреуі ғана жаңа жүйеге енген. Бұл дерек жүйенің техникалық дайындық деңгейі мен өкімшілік рәсімдерінің шынайылығына күмән тудырады. Ол өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Олжас Сапарбековке тікелей сауал қойды. Депутаттың сөзінше, отандық кәсіпорындар мемлекеттік сатып алуларға және қолдау шараларына жол ашуға тиіс реестрге тіркеле алмай отырғанын айтып жаппай шағым түсірген.

Ескертуге сүйенсек, мәселе тек бағдарламадағы ақауларда емес. Цифрлық қосымшадағы кідірістер, кері байланыстың болмауы, бұрыннан өндірісін растайтын сертификаты бар компаниялардың да жаңа сүзгіден өте алмауы сияқты мәселелер бар. Вице-министр бұған жүйе ойдағыдай жұмыс істеп тұр деп жауап берді. Ал депутат өңір аралап енді ғана келгенін, барлық кәсіпорында шағым көп екенін қайталап айтты.

Техникалық мәселелерден бөлек, депутат бағалау әдіснамасына да күмән келтірді. Оның айтуынша, экспортқа шығарылатын тауарлардағы жергілікті үлесті бағалау тәсілі түсініксіз. Егер есептеу формуласына адвалорлық үлес, яғни импорттық құрамдас бөліктер мен шикізаттың құны кірмей, тек технологиялық операциялар тізбесіне қарай анықталса, бұл экономикалық мәнді бұрмалауы мүмкін.

– Егер адвалорлық үлесті алып тастасаңыздар, тек техникалық операциялар арқылы қалай бағалайсыздар? Бұл – екі түрлі ұғым. Әр құралдың өз мақсаты бар, – деді депутат.

Вице-министр Олжас Сапарбеков есептеу тәртібі өзгермегенін, барлық

талаптар қолданыстағы нормаларға сәйкес сақталып отырғанын мәлімдеді. Кейбір сурақтардың барын мойындағанымен, жергілікті қамту үлесін айқындау ережелері бұрынғыдай екенін айтты.

Яғни, отандық өнімді қолдау үшін енгізіліп жатқан мұндай цифрлық тетіктер дұрыс жұмыс істемесе, өндіріс орындары үшін бюрократиялық бөгетке айналуы мүмкін. Жүйе толық жетілмей тұрып, шынайы өндірушілер мәртебесін дәлелдей алмай, келісімшарттардан қағылып, тендерлерде ұтылып, мемлекеттік қолдаудан айырылуы мүмкін.

## КІМ КІМДІ АЛДАП ЖҮР?

Шетелдің дайын өнімін отандық өнім деп көрсетіп, мемлекеттен қолдау алып келгендер бізде аз болмаған. Бұл – экономикамыздағы елеулі мәселенің бірі. Құрылыс материалдарынан бастап фармацевтикаға дейінгі қаншама саланы осындай жалған өнім өндіретіндер жайлап алған.


## ПІКІР




Мақсат ХАЛЫҚ,  
ЭКОНОМИСТ

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІМІЗДІ ОЙЛАУЫМЫЗ КЕРЕК


– Негізі, бұл реестр өте маңызды, өте қажет құрал. Ол бұрыннан керек еді. Бастама тек былтыр ғана көтерілді. Әрине, ештен кеш жақсы, бірақ менің ойымша, мұндай реестр әлдеқашан, кем дегенде он жыл бұрын жасалуға тиіс еді. Тәуелсіздік алғанмызға қанша жыл өтті. Осы уақыт аралығында біз қаншама өндірістен айырылдық, қанша отандық компания жабылды.




Ал мұндай реестр нақты қандай көмек береді? Егер біз өзімізде нақты не өндірілетінін, қандай қабілетіміз бен мүмкіндігіміз бар екенін, қандай тауар шығарып отырғанымызды толық білсек, тіпті түпкі өнім болмаса да, аралық өнімдердің ішінде нені өндіретінімізді анық түсінсек, онда сол өнімдердің импорт арқылы келуін шектеуге мүмкіндік болар еді. Оларға қатысты тарифтерді көтеріп, протекционистік саясат жүргізе алар едік.




Қазір әлем елдері дәл осы бағытта жұмыс істеп жатыр. Әлем баяғыда протекционистік саясатқа көшті. Мысалы, Дональд Трамп өзінің алдыңғы президенттік кезеңінде осындай саясат ұстанып, Қытаймен сауда соғысын бастады. Бүгінде де соған ұқсас саясат жүргізіп отыр.



Ресейге келсек, біз Еуразиялық экономикалық одақта болғанымызбен, олар бізге көптеген тауарын өткізеді, ал біздің тауарлардың өз нарығына кіруіне түрлі сылтаулармен шектеу қояды.



Сондықтан біз де ұлттық экономикалық қауіпсіздігімізді ойлауымыз керек. Отандық тауарларды қорғауға және олардың қорғалуына жағдай жасау қажет. Себебі осы арқылы біз инфляцияны ауыздықтай аламыз, экономиканы дамыта аламыз, теңгені нығайта аламыз. Негізі жолдардың бірі – осы.



Сондықтан бұл бастаманың іске асқанына қуану керек, дегенмен экономист ретінде айтарым – мұндай қадам кемінде он жыл бұрын жасалуға тиіс еді.

**Қорыта айтқанда, нарықтың көптен күткені де, нарыққа нағыз керекі де осы еді. Сарапшылар тіпті бұзауыққа кеш бастап жатқанымызды айтады. Яғни, теориялық тұрғыдан, қажет бастама. Алайда кәсіпорындар жүйедегі техникалық қателіктерге шағымданған. Жауапты министрлік платформа қазір де қалыптғы жұмыс істеп тұрғанын, ақаулар болса, реттелетінін айтады.**

# ОСЫ АПТАДА, ӘЛЕМДЕ...

ӘЛЕМ ТЫНЫШ ЕМЕС. АПТА САЙЫН, ТІПТІ КҮН САЙЫН БОЛЫП ЖАТҚАН ТҮРЛІ ОҚИҒАЛАР ЖАҒАННЫҢ КҮН ТӘРТІБІНЕ ТҮРЛІ МӘСЕЛЕНІ ШЫҒАРЫП, «ОЙЫН ЕРЕЖЕЛЕРІН» КҮРТ ӨЗГЕРТІП ЖАТЫР. ОСЫ АПТАДА ҚАНДАЙ ОҚИҒАЛАР БОЛДЫ, ШОЛУ ЖАСАП ӨТЕЙІК.

Тарик Рахман Бангладештің жаңа премьер-министрі ретінде ант қабылдады. Оның жетекшілігіндегі Бангладеш ұлттық партиясы жалпы сайлауда парламенттегі 300 орынның үштен екісін иеленді. Бұл – 2024 жылы Шейх Хасина биліктен кеткеннен кейінгі алғашқы сайлау. Сайлаумен қатар өткен референдумда конституциялық реформалар пакеті де қолдау тапты. Енді жаңа үкімет алдында экономикалық сенімді қалпына келтіру мен саяси тұрақтылықты нығайту міндеті тұр.

Талибан үкіметі былтыр қазанда шекарада болған қақтығыстарда тұтқындалған пәкістандық үш сарбазды босатты. Келіссөздерге Сауд Арабиясы арағайын болды. Алайда Пәкістанның солтүстік-батысында автокөлікке жасалған жарылыстан 11 қауіпсіздік қызметкері мен бір бала қаза тапты. Жауапкершілікті пәкістандық тәліптер мойнына алды. Исламабад Ауғанстанды радикалды топтарға пана беріп отыр деп айыптайды.

Оңтүстік Кореяның экс-президенті Юн Сук Ель 2024 жылы әскери жағдай енгізілуі үшін импичментке ұшыраған еді. Енді сот оны бүлік ұйымдастырды деп танып, өмір бойына бас бостандығынан айырды. Прокуратура өлім жазасын сұрағанымен, сот ең ауыр түрме жазасымен шектелді.

Палестина билігі Газа секторында Израиль әуе соққысынан 12 адам қаза тапқанын хабарлады. Израиль мұны атысты тоқтату келісімін ХАМАС бұзғанына жауап деп түсіндірді. Сонымен қатар Израиль басып алынған Батыс жағалаудағы бірқатар аумақты «мемлекеттік меншік» деп жариялау жоспарын мақұлдады. Сыныштар мұны іс жүзіндегі аннексия деп бағалайды.

Иран мен АҚШ Женевада екінші раунд келіссөз өткізді. Иран сыртқы істер министрі тараптар принципті түсіністікке жақындағанын айтты. Сонымен қатар аймақта АҚШ әскери қатысуы күшейіп жатқан шақта Иран Ормуз бұғазының бір бөлігін уақытша

жауып, әскери-теңіз жаттығуын өткізді. Спутниктік суреттер Иранның ядролық нысандарының бірінде жерасты кешенін күшейтіп жатқанын көрсетеді.

Ливан үкіметі армияға «Хезболланы» қарусыздандыру жоспарының екінші кезеңін төрт ай ішінде іске асыруды тапсырды. Ұйым бұл шешімді қабылдамай, оны Израиль мүддесіне қызмет етеді деп атады. African Union Судандағы азаматтық соғыста армияға қарсы соғысып жатқан Жедел қолдау күштері құрған параллель үкіметті мойындаудан бас тартты.

Францияның Лион қаласында оңшыл студенттің өліміне байланысты 11 адам ұсталды. Ұсталғандардың арасында солшыл партияның парламенттік көмекшісі бар.

Ұлыбританияда бұрынғы ханзада Эндрю Маунтбетген-Уинзор қызмет бабын теріс мақсатта пайдаланды деген күдікпен қамауға алынды. Бұл іс Эпштейн құжаттарының тағы бір легі жарияланғаннан кейін өршіді. Бірақ кейіннен бұрынғы ханзада қамаудан босатылды.

Жапония экономикасы 2025 жылдың соңғы тоқсанында жылдық мәнде небәрі



0,2 пайызға өсті. Бұл сарапшылар күткен деңгейден әлдеқайда төмен. Ал бұған дейінгі тоқсанда ЖІӨ 2,3 пайызға қысқарған еді. Ел іс жүзінде рецессия табылдығыннан әрең өтті. Премьер-министр Такачи Жапон банкі басшысымен шұғыл кездесу өткізді. Нарықта орталық банк иенаны нығайту үшін пайыздық мөлшерлемені тағы да көтеруі мүмкін деген болжам күшейді. Әлсіз валюта импорттық тауарларды қымбаттатып, тұрмыс құнын арттырды. Дегенмен орталық банк басшысы мырза кездесудің мазмұнын ашып айтудан бас тартты.

Еуропа орталық банкі басшылығында да белгісіздік күшейді. Лагард ханым өкілет

мерзімі 2027 жылдың қазанында аяқталуға тиіс, алайда оның мерзімінен бұрын кетуі мүмкін екені туралы ақпарат тарайды. Еуропадағы монетарлық саясат енді тек инфляциямен емес, саяси тәуекелдермен де өлшенетін түрі бар.

Үндістан дамушы елдер арасында алғаш рет жаһандық ЖИ саммитін өткізді. Үкімет жиынның басты идеясын «жасанды интеллектті демократияландыру» деп таныстырды. Ашық кодты технологиялар, инклюзивтілік және даму басымдығы туралы айтылды. Алайда сарапшылар Үндістанның басты мақсаты деректер орталықтарына инвестиция тарту екенін де жасырмайды.

## TURGYNDAR AMANATY ЕЛ ТІЛЕГІН ОРЫНДАЙДЫ



«AMANAT» ПАРТИЯСЫ КӨППӘТЕРЛІ ТҮРҒЫН ҮЙЛЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘРІ АШЫҚ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ TURGYNDAR AMANATY ЖОБАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫ ЖАЛҒАСТЫРУДА. МӘСЕЛЕН, «ҮЙДІ БАСҚАРУ: ЖАУАПКЕРШІЛІК, СЕНІМ, НӘТИЖЕ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ КЕЗЕКТІ ДИАЛОГ АЛАҢЫ КӨКШЕТАУ ҚАЛАСЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

Талқылау барысында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы ең өзекті мәселелер көтерілді. Атап айтқанда, инженерлік желілердің тозу деңгейінің жоғарылығы, қаржылық және ұйымдастырушылық ресурстардың жеткіліксіздігі, сондай-ақ төлемдердің ашықтығы мен басқарушы құрылымдардың тиімді жұмыс істеуі сынды бірқатар мәселеге назар аударылды. Бүгінде пәтер иелері кооперативтері мен мүлік иелері бірлестіктерінің атына жиі өтініштер мен шағымдар келіп түседі. Бұл өз кезегінде басқарудың жанартылған моделіне деген сенімді нығайту және жүйелі шешімдер қабылдау қажет екенін көрсетіп отыр.

Партия Хатшысы Шолпан Каринованың айтуынша, TURGYNDAR AMANATY жобасы үйлер мен аулаларды басқарудың түсінікті жүйесін қалыптастырады.

– «AMANAT» партиясының TURGYNDAR AMANATY жобасы тұрғындардың идеялары мен өтініштерін нақты шешімдерге айналдырады. Біз көппәтерлі тұрғын үйлерді басқарудың ашық әрі заманауи моделін

қалыптастырып жатырмыз. Онда әрбір азаматтың пікірі ескеріледі. Жоба азаматтардың тұрмысын жақсартуға және тұрғындар мен басқарушы құрылымдар арасындағы сенімді нығайтуға бағытталған, – деді Шолпан Каринова.

Мәжіліс депутаты Юлия Кучинская бұған дейін депутаттық корпус пен партия мүшелері тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласына қатысты заңнамаларға түзетулер енгізуге бастамашылық еткенін және олар қазір өз күшіне енгенін атап өтті. Жаңа нормаларға сәйкес, 2026 жылдың 1 қыркүйегіне дейін барлық пәтер иелері кооперативтері қайта тіркеуден өтіп, басқарудың заңды субъектісі ретінде қызмет етуге тиіс. Өзгерістердің басты мақсаты – меншік иелерінің құқығын қорғау және басқарушы құрылымдардың қызметіндегі ашықтықты қамтамасыз ету.

Форумда жарияланған деректерге сәйкес, өңірде шамамен 3 800 көппәтерлі тұрғын үй бар. Соның 400-ге жуығы мүлік иелері бірлестігі, ал 800-ге жуығы пәтер иелері кооперативі ретінде тіркелген. Солай

бола тұра, тұрғындардың жаңа басқару жүйесіне деген сенімі – әлі де жеткіліксіз деңгейде. Бұл өз кезегінде, ақпараттық-түсіндіру жұмысын күшейтуді және халықпен тікелей диалог орнатуды талап етеді.

Жоба аясында тұрғындарға кеңес беру, оқыту курстары мен семинарлар өткізу мақсатында мамандандырылған фронт-офис ашу жоспарлануда. Мұнда азаматтар тұрғын үй қатынасы, әлеуметтік бағдарламалар және қолданыстағы заңнама мәселелері бойынша кеңес ала алады. Мұндай формат меншік иелерінің құзыретін арттырып қана қоймай, тиімді кері байланыс тетіктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Көппәтерлі үйлерді басқару саласындағы кәсіби қауымдастық өкілі Айгүл Аринованың айтуынша, жүргізіліп жатқан реформалардың басты мақсаты – азаматтарға жайлы әрі қауіпсіз орта құру. Алайда аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін тұрғындар белсенді атсалысуы және тұрғын үйді басқару саласында білікті мамандар даярлау жұмысы жолға қойылуы қажет.

«AMANAT» партиясы алдағы уақытта да тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы реформаларға жүйелі түрде қолдау көрсетуді жалғастырып, сенімге, жауапкершілікке және тұрғындардың шешім қабылдау процесіне нақты араласуына негізделген орнықты басқару моделін қалыптастыруды көздейді.

ЖАҢА  
КОНСТИТУЦИЯ

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ КОАЛИЦИЯ  
«ӘДІЛЕТТІ ЖӘНЕ ПРОГРЕССИВТІ  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ  
КОНСТИТУЦИЯСЫ ҮШІН»

15

НАУРЫЗ

referendum2026.kz



## КОАЛИЦИЯ МҮШЕЛЕРІ СҚО ХАЛҚЫМЕН КЕЗДЕСТІ

«ӘДІЛЕТТІ ЖӘНЕ ПРОГРЕССИВТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ КОНСТИТУЦИЯСЫ ҮШІН!» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ КОАЛИЦИЯСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ. ТҮРПІ АЛАНДАРДА ӨТКЕН КЕЗДЕСУЛЕРГЕ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ МЕН ЭТНОМӘДЕНИ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ ӨКІЛДЕРІ, ЕҢБЕК ҰЖЫМДАРЫ, КӘСІПКЕРЛЕР МЕН ЖАСТАР ҚАТЫСТЫ.

Алғашқы жиын Қызылжар ауданына қарасты Бескөл ауылындағы «Қызылжар» дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде өтті. Мұнда ондаған спорт секциясы жұмыс істеп, күн сайын жүздеген бала мен жасөспірім жаттығады. Олимпиада чемпионы Александр Винокуровтың туған өлкесінде спортты дамыту ерекше маңызға ие. Сондықтан спортшылар мен жаттықтырушылар жастардың болашағы, инфрақұрылымды жетілдіру және өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктері жөніндегі мәселелерді талқылады.

– Ата Занды талқылау барысында біз бүгінгі балалар мен жасөспірімдер өмір сүретін қағидаларға көңіл бөлеміз. Спортты дамыту, әлеуметтік инфрақұрылымның қолжетімділігі, тең бастапқы мүмкіндіктер – мұның бәрі болашақтың сапасын анықтайды. Конституция адам мен оның әлеуетін басты құндылық ретінде қарастыратын даму бағытын белгілейді, – деді сенатор Әсем Рахметова.

Мазмұнды әңгіме аудандық мәдениет үйінде жалғасты. Кездесуде тұрғындар бюджет қаражатының бөлінуі, жергілікті бағдарламалардың тиімділігі және азаматтардың шешім қабылдау үдерісіне қатысуы мәселелерін көтерді. Жиынға қатысушылар жаңа Конституция президенттік реформалар бағытының жүйелі іске асырылуы мен кең ауқымды қоғамдық талқылаудың нәтижесі деп бағалады.

Дәл осы ауданда Коалиция мүшелері металлопластикалық бұйымдар мен қайталама шикізатты өңдейтін «Радуга» ЖШС-ның және Чапаево ауылындағы «Қызылжар сүт» тауарлы-сүт фермасының еңбек ұжымымен де кездесті. Іс-шаралар

дың барысында тұрғындар құжатта адам өмірі мен қадір-қасиетінің ең жоғары құндылық ретінде айқындалуы әрбір азаматтың сапалы білім алуына, медициналық қызметке қол жеткізуіне және әлеуметтік тұрғыдан қорғалуына берік негіз қалайтынын жеткізді. Ауыл тұрғындарын әсіресе осы құқықтарды іске асыру үшін мемлекет ауылды дамытуды, аграршыларды, кәсіпкерлерді және жастарды қолдауды өз міндетіне алғаны қуантты. Ауыл тұрғындары үшін маңызды нормалардың бірі – адами капиталды білім, ғылым және инновациялар арқылы дамыту болды.

Айыртау ауданы Шалқар ауылында өткен алғашқы кездесу ауданның ірі ауыл шаруашылығы құрылымдарының бірі – Klyuchi GSK ЖШС аумағында ұйымдастырылды. Он мың гектардан астам егістік алқабы, заманауи техника, тұрақты мемлекеттік қолдау және жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамту – кәсіпорын қызметінің негізгі көрсеткіштері. Кездесу барысында аграрийлер жерге меншік құқығының кепілдігі, мемлекеттік саясаттың тұрақтылығы, саланы қолдау тетіктерінің айқындығы және еңбек қауіпсіздігі мәселелерін көтерді.

Мәжіліс депутаты, Коалиция мүшесі Еркебұлан Мәмбетов өз сөзінде экономиканың дамуы құқықтық негіздің беріктігіне тікелей байланысты екенін атап өтті. Оның айтуынша, Конституция – ұзақмерзімді тұрақтылықтың іргетасы. Әсіресе, ауыл шаруашылығы саласында инвестициялар ұзақ мерзімге есептелетіндіктен, меншік құқығы мен кәсіпкерлік еркіндіктің сенімді қорғалуы аса маңызды.



– Конституция туралы айтқанда, біз бірнеше жыл сайын өзгеретін ережелер емес, тұрақты қағидалар жөнінде сөз қозғаймыз. Ауыл шаруашылығы өндірушісі үшін бұл аса маңызды. Жерге, техникаға, инфрақұрылымға салынған қаражат – ұзақмерзімді инвестиция. Жаңа Конституция жобасы меншік құқығын қорғауды, кәсіпкерлік еркіндігін және мемлекеттің әлеуметтік бағыттылығын бекітеді. Демек, ауылдың дамуы кездейсоқ шешімдерге емес, тұрақты әрі кепілді нормаларға сүйенуге тиіс, – деді ол.

Саумалкөл ауылындағы орталық аудандық ауруханада өткен мазмұнды диалог барысында медицина қызметкерлері қаржыландыру, материалдық-техникалық базаны жаңарту және кадр тапшылығы мәселелерін көтерді. Осы мазмұндағы кездесу Лобаново ауылындағы «Зейнеп» көпсалалы колледжін-

де және Саумалкөл ауылындағы аудандық мәдениет үйінде де өтті. Жұртшылық жергілікті өзін-өзі басқару, азаматтардың шешім қабылдау үдерісіне қатысуы және биліктің халық алдындағы жауапкершілігі мәселелерін көтерді. Коалиция мүшелері халықтың мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі ретінде бекітілуі қоғамдық бақылаудың рөлін күшейтетінін атап өтті.

Өңірдің Тайынша ауданында да бірқатар кездесу ұйымдастырылды. Атап айтқанда, BioOperations ЖШС зауытында, EMC Agro ЖШС агроөнеркәсібінде, сондай-ақ аудандық мәдениет үйі мен ауруханада өтті. Іс-шаралардың басты тақырыбы еңбек адамының құқығын қорғау мәселесі болды. Еңбек ұжымдары өкілдерінің айтуынша, қауіпсіз еңбек жағдайына және лайықты жалақыға қатысты кепілдіктің Конституция деңгейінде бекітілуі жұмыс беруші

мен мемлекеттің жауапкершілігін арттырады.

Кездесулер қорытындысы бойынша өңір жұртшылығы реформаны талқылауға ерекше қызығушылық танытты. Әсіресе, жастарға берілетін мүмкіндіктер мен агробизнесі қолдау мәселелері ауыл тұрғындарының назарында болды. Коалиция мүшелерінің пікірінше, осындай көпқырлы әрі мазмұнды диалог жаңа Конституция жобасын ауданның нақты міндеттері мен болашақ даму перспективалары тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік берді.

Еске сала кетейік, «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясы 12 ақпанда құрылды. Оның құрамына 5 саяси партия мен шамамен 300-ге тарта қоғамдық ұйым кірді. Олар шамамен 5 миллион қазақстандықты біріктіреді.

АДАМЗАТ ӨЗІНІҢ ЕҢ ҰЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ САУЫТЫНАН АЙЫРЫЛЫП ҚАЛУДЫҢ АЗ-АҚ АЛДЫНДА ТҮР. XX ҒАСЫРДА МИЛЛИОНДАҒАН ЖАНДЫ АЖАЛДАН АРАШАЛАҒАН АНТИБИОТИКТЕР БҮТІНДЕ БАКТЕРИЯЛАРДЫҢ АЛДЫНДА ДӘРМЕНСІЗ КҮЙГЕ ТҮСТІ. ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМЫНЫҢ ЕСЕПТЕУІНШЕ, 2050 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ СУПЕРБАКТЕРИЯЛАРДАН БОЛАТЫН ӨЛІМ-ЖІТІМ ҚАТЕРЛІ ІСІК КӨРСЕТКІШІН БАСЫП ОЗЫП, ЖЫЛЫНА 10 МИЛЛИОН АДАМНЫҢ ӨМІРІН ҚИЯДЫ. БҮЛ – ДӘРІНІ ОРЫНСЫЗ ҚОЛДАНУ МЕН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ НЕМҚҰРАЙЛЫЛЫҚТЫҢ САЛДАРЫ. МЕДИЦИНАЛЫҚ РЕНЕССАНС ДӘУІРІ АЯҚТАЛЫП, ҚАРАПАЙЫМ ЖАРАҚАТ ҚАЙТАДАН АЖАЛ ОҒЫНА АЙНАЛАТЫН «ҚАРАҒЫ КЕЗЕҢ» ТАБАЛДЫРЫҒЫМЫЗДА ТҮР. ҚАЙТПЕК КЕРЕК?

# АБАЙЛА, АНТИБИОТИК!...



## Арайлым ЖОЛДАСБЕКҚЫЗЫ

Біз әдетте тұмаураға қалсақ бірден антибиотик ішіп жатамыз. Алайда ол тек бактерияларды өлтіреді, вирустарға мүлдем әсер етпейді. Тұмауды, ЖРВИ-ді антибиотикпен емдеудің пайдасы жоқ, тек ағзаға артық күш түсіреді.

XXI ғасырда барлық ғылым саласы қарыштап дамып, технологиялар жетілдіріліп, адамның өмір сүру жағдайы жеңілдей бастады. Осыған қарамастан медицинадағы болашағымыз булыңғыр деп дабыл қағып отыр ғалымдар. Бұған себеп – антибиотиктерді кәмпіт секілді «жеу», дәрігердің нұсқауынсыз өз бетінше емделу, емдеу курсы жарты жолдан тастап кету. Осының бәрін тоқтатпасақ, адамзат ең алғашқы антибиотик – пенициллин табылғанға дейінгі қауіпті кезеңге қайта оралуы әбден мүмкін...

## БОЛАШАҚТЫҢ БУЛЫҒЫР КАРТИНАСЫ

Ғалымдар 2050 жылға қарай супер-бактериялар онкологиядан да қауіпті болатынын айтады. Антибиотиктерді

ауыратын науқастар рақпен күресіп жатқанда, олардың иммунитеті өте әлсіз болады. Егер антибиотиктер көмектесуін қойса, науқастар ісіктен емес, емхана ішіндегі қарапайым микробтан қайтыс болады.

Бүгінде тіс жұлдыру біз үшін үйреншікті нәрсе. Ал антибиотик болмаса, тіс түбіндегі қарапайым абсцесс немесе кызыл іскің қабынуы қанға инфекция түсіріп, бірнеше күн ішінде өлімге әкелуі мүмкін. Стоматологтар антибиотиксіз жұмыс істеуден бас тарттады, өйткені жақтың іріндеуі тікелей миға шабады. Балаңыздың тізесі жарылса, саусағыңызды пышақпен кесіп алсаңыз, жана аяқ киім аяғыңызды қажаса, мұның бәрі өмірге қауіп төндіреді. Антисептиктер бактерияларды тоқтата алмаған кезде іріндеген жерлерді «емдеудің» жалғыз жолы ампутация болмақ.

Мұндай кезде донорлық операциялар да аса қауіпті. Өйткені медицинада ағза бөген мүшені қабылдау үшін адамның иммунитетін әдейі төмендетеді. Науқас операциядан кейінгі алғашқы сағаттарда-ақ аурухана ішіндегі микробтардың «құрбаны» болады. Сонымен қатар кесарь тілігі операциясы жаппай өлім көрсеткіші жоғары процедураға айналады. Перинаталдық орталықтар инфекция ошағына айналып, ана мен бала өлімі XIX ғасырдың деңгейіне қайта оралады.

Қазірдің өзінде ауруханаларда «метициллинге төзімді алтын түсті стафилококк» (MRSA) сияқты микробтар бар. Пост-антибиотик дәуірінде мұндай бактериялардың саны арттады. Оларға қарсы дәрі болмағандықтан, ауруханалар емдейтін орын емес, керісінше, инфекция тарататын қауіпті аймақтарға айналады.

Жалпы, 2050 жылға жасалған болжам бойынша ең көп шығын Азия мен Африка елдеріне келеді (әрқайсысында шамамен 4 миллионнан астам өлім). Бұл аймақтарда антибиотиктердің рецептсіз сатылуы және ауыл шаруашылығындағы бақылаудың нашарлығы бактериялардың «мутациялық лабораториясына» айналуына себеп болмақ.

Бұл дәуір тек денсаулықты ғана емес, әлемдік тәртіпті де өзгерттеді. 2050 жылға қарай бұл шығын 100 триллион доллардан асуы мүмкін. Бұл тек медициналық емес, сонымен қатар экономикалық апат. Дүниежүзілік банктің болжамы бойынша антибиотикке үйренген ағзалардың кесірінен әлемдік ЖІӨ 2050 жылға қарай 3,8 пайызға қысқаруы мүмкін. Бұл 2008 жылғы жаһандық қаржы дағдарысымен тең соққы болмақ. Өйткені жұмыс күші жаппай ауруға шалдығады, адамдар ұзақ ауырады, еңбекке қабілеттілігін жоғалтады, ал емдеу құны ондаған есе қымбаттайды. Одан бөлек, адамдар қоғамдық орындардан, адам көп жиналатын жерлерден қашатын болады. Кез келген жөтелген, түшкірген адам супербактерия тасымалдаушысы болуы мүмкін.

төзімділіктің жаһандық айналымы десек те болады.

Мал қоралары – супербактериялардың нағыз лабораториясы. Бір жерге мыңдаған тауық немесе сиыр жиналғанда, инфекция тез тарайды. Оған қарсы үнемі антибиотик қолдану бактериялардың ең қауіпті мутацияларын тудырады.

Малдан адамға жұғатын бактериялар (сальмонеллез, кампилобактериоз) қазірдің өзінде көптеген дәрілерге төзімді болып алған. Бұл дегеніміз, шала піскен еттен уланған адамды емдеу болашақта мүмкін болмай қалуы мүмкін.

Шаруалар үшін антибиотиктен бас тарту – өнімнің өзіндік құнының көбеюі және мал өлімі қауіпін жоғарылауы деген сөз. Сондықтан көптеген елде бұл мәселе заң жүзінде ғана емес, экономикалық тұрғыдан да шешімін таппай отыр. Тек Еуропа Одағы сияқты дамыған аймақтар 2006 жылдан бастап антибиотиктерді өсу стимуляторы ретінде қолдануға тыйым салды. Алайда дамушы елдерде бұл процесс әлі де бақылаусыз қалып отыр.

## ЕРКІН АЙНАЛЫМ

Антибиотиктердің еркін сатылымы – заманауи медицинаның ең үлкен қателіктерінің бірі. Көптеген дамушы елде, соның ішінде Орталық Азия өңірінде де, антибиотиктерді нан сатып алғандай рецептсіз алу әлі де қалыпты жағдай. Бұл құбылыс ғылыми ортада «микробтық анархия» деген атқа ие болды.

Дәріханаларға бақылаудың жоқтығы емделушілердің дәрігерге бару жауапкершілігін жоюды. Адамдар интернеттегі кеңестерге немесе көршісінің тәжірибесіне сүйеніп, өзіне-өзі диагноз қояды.

Кез келген антибиотик кез келген бактерияны өлтірмейді. Мысалы, тері инфекциясына арналған дәрі өкпе қабынуына әсер етпейі мүмкін. Рецептсіз сатылым адамдардың «кең спектрлі» (бәріне бірдей әсер ететін)

## Оқырманға кеңес:

1. Дәрігердің рұқсатынсыз антибиотик сатып алмаңыз.
2. Дозасын өзгертпеңіз және уақытылы ішіңіз.
3. Емді жарты жолдан тастамаңыз.
4. «Көршім ішіпті, жақсы болыпты» деген қағидамен емделмеңіз.

## АНТИБИОТИК – АСТАН

Адамзат антибиотикті тек ауырған кезде ғана емес, ет және сүт өнімдері арқылы да жанама түрде қабылдап жатырмыз. Біз дәріханадағы антибиотиктерді бақылауға алғанымызбен, ас үйіміздегі «жасырын қауіпті» елемей отырмыз. Мал шаруашылығында антибиотиктер тек ауруды емдеу үшін ғана қолданылмайды. Олардың басты қызметі – «өсуді жеделдету». Антибиотиктердің микроскопиялық дозаларын жемге немесе суға қосу арқылы малдың ішегіндегі бактериялардың тепе-теңдігі өзгертіледі. Бұл жануардың азықты тез қорытып, аз уақыт ішінде семіруіне мүмкіндік береді.

Дүниежүзілік ашық деректерге сүйенсек, өндірілетін бүкіл антибио-

күшті антибиотиктерді орынсыз пайдалануына әкеледі.

Фармацевт дәріні бергенімен, оны қалай, қанша уақыт ішу керектігін еске алмай қалып, адамдар симптомдар басыла салысымен емді тоқтатып, ағзасындағы бактериялардың мутациялануына «жағдай» жасайды.

Дәріханалар – бұл ең алдымен бизнес нысандары. Көп жағдайда фармацевтер сауда жоспарын орындау үшін рецепт талап етпестен антибиотиктерді бере салады. Ал кейбір дәріхана қызметкерлері науқасқа антибиотикті «көмектесіп қалар» деген ниетпен вирусқа қарсы қосымша ретінде ұсынады. Бұл – медициналық тұрғыдан қылмыспен тең әрекет.

Дәріханадан рецептсіз антибиотик алу бұл еркіндік емес, бұл – оқтаулы

дәріден пайда болған мутацияланған бактерия ертең ұшақ арқылы бүкіл әлемге таралуы мүмкін.

## НЕГЕ ЖАҢА ДӘРІЛЕР ЖОҚ?

Біз ғылым мен технология қарыштап дамыған заманда өмір сүріп жатсақ та, соңғы 30 жылда антибиотиктердің жаңа кластары ойлап табылған жоқ, Фармацевтика саласы тығырыққа тіреді. Here?

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, соңғы 30-40 жылда антибиотиктердің жаңа класы (бактерияға әсер ету механизмі бұрынғылардан өзгеше дәрі) нарыққа мүлде шыққан жоқ. Қазіргі қолданыстағы «жаңа» дәрілердің көбі 1960-1980 жылдары ашылған ескі кластардың жақсартылған модификациялары ғана. Бұл тоқыраудың бірнеше себебі бар. Бірінші себебі – тиімсіз бизнес-модель. Фармацевтика зауыттары үшін антибиотик шығару шығыны көп, қайтарымы аз жоба. Мәселен, бір жаңа антибиотикті клиникаға дейінгі зерттеуден бастап дәріхана сөресіне жеткізуге дейін 10-15 жыл уақыт және шамамен 1-2 миллиард доллар инвестиция қажет. Сонымен қатар антибиотикті адамдар аз уақыт қана ішеді. Мысалы, қан қысымына немесе қант диабетіне қарсы дәрілерді науқас өмір бойы күнде ішеді. Ал антибиотикті адам тек 5-10 күн ғана қабылдайды. Әрине, бизнес тұрғысынан «тұрақты клиент» әлдеқайда тиімді.

Егер компания керемет жаңа антибиотик ойлап тапса да дәрігерлер оны бірден қолданбайды. Оны «резервтегі қару» ретінде сақтап, ескі дәрілер көмектеспеген ең ауыр жағдайларда ғана тағайындайды. Бұл компанияның сату көлемін шектеп, шығынды ақтауға кедергі келтіреді.

Тоқыраудың тағы бір себебі бактериялардың эволюциялық жылдамдықпен тарап, бизнес-жоспарды тасталқан етуі. Салыстыру үшін айтсақ, жаңа дәріні жасауға 15 жыл кетсе, бактерия оған төзімділікті 1-2 жылда-ақ қалыптастырып үлгереді. Ғалымдар лабораторияда сынақ жүргізіп жатқанда, табиғаттағы микробтар оған қарсы «антидот» дайындап қояды. Бұл – фармацевтикалық компаниялар үшін «алдын ала жеңіліс табатын» жарыс сияқты көрінеді.

1940-1960 жылдар антибиотиктердің «алтын дәуірі» болды. Ол кезде ғалымдар топырақтан немесе зең саңырауқұлақтарынан антибиотиктерді қосылыстарды оңай табатын. Бүгінде барлық табиғи антибиотиктер ашылып бітті. Жаңаларын табу үшін ғалымдарға мұхиттың терең түбіне, экзотикалық үңгірлерге немесе күрделі генетикалық инженерияға жүгінуге тура келеді. Бұл зерттеудің құнын еселеп арттырады. Сондықтан жаңа дәрі ойлап табу екінің бірі бел шешіп кірісе бермейтін шаруаға айналып тұр.

Мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар ұзақ уақыт бойы бұл мәселені нарықтың өзіне қалдырды. Алайда еркін нарық антибиотик тапшылығын шеше алмайтынын көрсетті. Көптеген ірі фармацевтикалық компания (Novartis, AstraZeneca, Sanofi) соңғы жылдары антибиотиктерді зерттеу бөлімдерін жауып тастады. Бұл салада тек кішігірім биотехнологиялық стартаптар ғана қалды, бірақ олардың үлкен клиникалық сынақтар өткізуге қаржысы жетпейді.

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БАНКТИҢ БОЛЖАМЫ БОЙЫНША АНТИБИОТИККЕ ҮЙРЕНГЕН АҒЗАЛАРДЫҢ КЕСІРІНЕН ӘЛЕМДІК ЖІӨ 2050 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ 3,8 ПАЙЫЗҒА ҚЫСҚАРУЫ МҮМКІН. БҮЛ 2008 ЖЫЛҒЫ ЖАҒДАНЫҢ ҚАРҒЫ ДАҒДАРЫСЫМЕН ТЕҢ СОҚҚЫ БОЛМАҚ. ӨЙТКЕНІ ЖҮМЫС КҮШІ ЖАППАЙ АУРУҒА ШАЛДЫҒАДЫ, АДАМДАР ҰЗАҚ АУЫРАДЫ, ЕҢБЕККЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ЖОҒАЛТАДЫ, АЛ ЕМДЕУ ҚҰНЫ ОНДАҒАН ЕСЕ ҚЫМБАТТАЙДЫ.

қолдану мәдениетін өзгертпесек, адамзатты «пост-антибиотик дәуірі» күтіп тұр. ДДСҰ мен британиялық экономист Джин О'Нил жүргізген ауқымды зерттеулер (Review on Antimicrobial Resistance) болашақтың қорқынышты картинасын сызып берді. Біріншісі өлім-жітім статистикасы көбейеді деген пессимистік болжам. Қазір әлемде антибиотикке төзімді инфекциялардан жыл сайын шамамен 700 мыңнан 1,2 миллионға дейін адам қайтыс болады. 2050 жылға қарай бұл көрсеткіш экспоненциалды түрде өсіп, жылына 10 миллион адамға жетеді деп болжанып отыр.

Бүгінде қатерлі ісіктен жылына шамамен 8,2 миллион адам көз жұмады. Демек, небәрі 25-30 жылдан кейін микробтардың қарсылығы ең қауіпті дерт саналатын рақты басып озып, әлемдегі өлім себептерінің ішінде 1-орынға шығуы ықтимал.

Қазір біз жеңіл санайтын операциялар (соқырлық, кесарь тілігі, буын алмастыру, ангина) супербактериялардың кесірінен 20-30 пайыз жағдайда өліммен аяқталуы мүмкін. Қатерлі ісіктен



тикердің 70 пайыздан астамы мал шаруашылығында, құс фабрикаларында және балық өсіру шаруашылықтарында қолданылады. Кейбір елдерде (мысалы, АҚШ немесе Қытай) бұл көрсеткіш 80 пайызға дейін жетеді.

Енді біз қалай ұланамыз дегенге келсек. Егер малды соймас бұрын антибиотик беру тоқтатылмаса, оның етінде, сүтінде және жұмыртқасында дәрінің қалдық мөлшері сақталады. Біз оны жегенде ағзамыздағы бактериялар сол антибиотиктің кішкентай мөлшеріне үйреніп, бейімделе бастайды. Бұдан бөлек су мен топырақ арқылы да «аламыз». Малдың тезегімен бірге антибиотиктер қоршаған ортаға тарайды. Олар жер асты суларына өтіп, соңында біз ішетін суға немесе егістіктегі көкөністерге түседі. Бұл – антибиотикке

қаруды баланың қолына ұстатып қоюмен тең. Мемлекет тарапынан қатаң бақылау мен айыппұлдар жүйесі енгізілмейінше, біз микробтарға қарсы соғыста жеңіске жете алмаймыз.

Дамыған елдерде (Еуропа, АҚШ, Жапония) антибиотикті рецептсіз алу мүмкін емес. Тіпті дәрігердің өзі антибиотик жазбас бұрын бактериалды егінді тексеріп, инфекцияның түрін анықтауға міндетті. Рецепттік жүйе мемлекетке елде қанша антибиотик қолданылып жатқанын бақылауға мүмкіндік береді. Бұл деректер қай аймақта, қандай бактериялардың төзімділігі артып жатқанын алдын ала болжауға көмектеседі. Ал бақылау жоқ елдерде супербактериялардың ошағы пайда болады. Бұл жергілікті мәселе емес, бүгін бір елде рецептсіз ішілген

Қазір бұл салада әлемдік деңгейдегі жаңа модельдер ұсынылуда. Соның бірі – мемлекеттік гранттар. Ғылыми зерттеулерді бизнес емес, мемлекет тікелей қаржыландыруы керек.

Жаңа антибиотиктердің жоқтығы ғылымның әлсіздігі емес, экономикалық жүйенің ақауы. Біз «арзан әрі қолжетімді» дәрілер дәуірінен өтіп кеттік. Енді жаңа «өмір сақтандыру» құралы үшін бүкіл әлем болып қомақты төлем жасауға тура келеді.


Адамзат антибиотикке дейінгі дәуірге қайта оралуға тиіс. Ол үшін жауапкершілік әрқайсымыздың қолымызда. Бүгін біз қабылдаған әрбір саналы шешім, әрбір дұрыс ішкілен дәрі – ертеңгі ұрпақтың амандығы мен медицинаның күдіретін сақтап қалуының келісі.

КӨКТЕМНІҢ АЛҒАШҚЫ КҮНІ – 1 НАУРЫЗДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «АЛАШ» ӘДЕБИ СҢЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІЦІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ СЕРІК ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ СЕКСЕННІЦ СЕЦГІРІНЕ ШЫҒАДЫ. БҰЛ – ӘДЕБИЕТІМІЗ БЕН РУХАНИЯТЫМЫЗ ҰШІН ДЕ АЙТУЛЫ БЕЛЕС.

СЕРІК ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ – ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ МЕН ДРАМАТУРГИЯСЫНА СУБЕЛІ ҰЛЕС ҚОСҚАН ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМҒЕР. ҰЛТТЫҚ РУХ, ТАРИХИ ЖАДЫ, ЕЛДІК МҰРАТ ТАҚЫРЫПТАРЫН ТЕРЕЦ ТОЛҒАҒАН АҚЫН.

Серік ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ:

# МЕН ТУРАЛЫ АЛҒАШҚЫ ШКІРДІ



## Мұқағали ЖАЗЫП ЕДІ...

Мерейтой қарсаңында Серік ағаның шаңырағында болып, сұхбаттасып қайтқан едік.

– Аға, Сіздің жас кезіңізде Алматыда әдеби орта қыз-қыз қайнап жатты. Қалыптасқан ақын ретінде де сол Алатау бөктерінде жүріп танылдыңыз. Олай болса, әңгімені жастық шағыңыз өткен Алматы кезеңінен бастауға қалай қарайсыз?

– Ол да бір дәурен екен ғой. Өзің білесің, Кеңшілік екеуіміз бір ауылдың тумасымыз. Бала күнімізден тай-құлындай тебісіп өстік. Бір мектепте, бір класта оқыдық. Сол Кеңшілік досым Алматыға менен екі жыл бұрын жетіп алды. Мен мектеп бітірген соң бір жағы анама қарайлап, әрі «жұмыс істеп, ақша тапсам» деген оймен ауылда қалып қойдым.

Кеңшілік маған Алматыда атақты ақын-жазушылармен бірге жүргенін айтып жиі хат жазатын. Әбіш, Мұқағали, Өтежандар туралы жазғанда, тіпті, қызықтырып қояды. Содан менің де арманым Алматыға жету болды. Аудандық «Жаңа өмір» газетінде жұмыс істеп, жазу-сызуға тәселіп қалған кезім. Бірақ уақыт өтіп болар емес.

Ол кезде газет-журнал әр ауылға жетеді. Ақын-жазушылардың кітаптары да қолжетімді. Жаңағы Кеңшілік айтқан

жүйрік болайын деп тұрған жігіт екен», – деп мақтады. Зекең: «Сенің Алматыға барып, сырттай бөлімде болса да білім алғаның дұрыс» деген кеңес берді. Бірақ сол жолы Алматыға баруға мүмкіндік бола қойған жоқ.

«Сабақты ине сәтімен» деген рас екен. Менің бала күннен бірге өскен тағы бір кластас досым Кәдір Жүнісов деген азамат Алматыда Ауыл шаруашылығы институтында оқитын. Ол да ауылға әр келген сайын: «Серік, сенің орның – Алматы. Бір күні билет алып, өзім ертіп кетемін» дейтін. Көп ұзамай соның сәті келіп, екеуіміз Аманқарағай арқылы Алматыға аттандық.

Бізді екінші Алматы вокалынан Кеңшілік бастаған бірнеше жігіт күтіп алды. Кілең жерлестер. Анауда «менімен жүр», мынау да «менімен жүр» деп жатыр. Кеңшілік: «Серік менімен бірге

мын. Жасындай жарқылдаған жырлары өлмес мұра. Сонысымен Кеңшілік – ғасырдан-ғасырға жалғасатын ақын. Оның өлеңдерінің құпия сырлары уақыт өткен сайын жаңа қырынан ашыла берді.

Ол барлық жанрда қаламды еркін сілтеді. Журналистикадағы еңбегі бір төбе. Аудармада да өзіндік қолтаңбасымен дараланды. Орыстың Евгений Евтушенковский қазақша сөйлетті. Кеңшілік қай жанрға барса да, қай салаға қалам тартса да, замандастарынан оқ бойы озық тұрды.

– Аға, осы жерде замандас ақындар жайлы да айта кетсеңіз.

– Біздің замандастарымыздың біреуі де осал емес, шетінен шымыр шыққан ақындар болды. Кеңшілік, Тынышбай, Жарасқан, Жұматай, Шәмшібай, Бақыткерей – қай-қайсысының да қазақ әдебиетінен алар өз орны бар.

Кейде мінезіміз қабыспай, кереғар кетіп жататын кездеріміз де аз болған жоқ. Пенделік тіршілікте бірде табысып, бірде тіресіп, кейде, тіпті, тақасып та жүрдік. Әсіресе, Жарасқанмен жиі шекісіп қалатынбыз.

Бір жолы Жарасқанның «Дала, сенің ұлыңмын» атты кітабы Жазушылар одағында талқыланды, шүйліккендер көп болыпты. Сонда Кеңшілік арнайы келіп, Жарасқан поэзиясы туралы салмақты ой, жылы пікір айтыпты. Сол тұста екеуі бір-біріне қоңыраулы жүрген көрінеді. Міне, көрдің бе, өлеңге келгенде біздің мүддеміз ортақ, мұратымыз бір болатын.

Тек, соңғы кездері Тынышбай мен Бақыткерейдің есімдері сирек аталып, ескерусіз қалып бара жатқандай көрінеді. Соған аландаймын.

жоқ, бойында қаны бар, бабымен жазылған байсалды дүниелер» деп жазған екен. Жарықтық менен үлкен үміт күтті. «Әй, қызталақ, сен түбінде бәрін басасың!», – деуші еді.

Алғашқы кітабым осылай жарық көрді. Аты «Қобыз» болғанымен кітапқа қобыз туралы өлеңім кірмей қалды.

«Құлаққа естіледі сенің үнің, Қаңқылдап бара жатқан қаз даусындай», – деген жолдар бар еді. Цензура «есіліктің сарыны бар» деп алып тастапты.

– Сіздің сөзіңізге жазылған әндер де елге көп тараған. Бас-аяғы қанша әнге сөз жаздыңыз?

– Оны нақты білмеймін. Шамамен екі жүздің үстінде болу керек. Әйгілі композитор Әсет Бейсеуовтің жетпістей әніне сөз жазыпмын. Одан бөлек Кеңес Дүйсекеев, Еркеғали Рахмадиев, Сейдолла Бәйтерекөв, Қалибек Дәріпсалдин, Марат Омаров, Марат Илиясов секілді бірнеше белгілі композитордың әндеріне сөз жаздым. Әсіресе, Әсет Бейсеуов маған кез келген уақытта хабарласып, «Серік, осындай ән туды, соған лайық сөз керек» деп қолқа салатын.

– Аға, Сіздің сөзіңізге жазылған «Ақкөзден ұшқан аққулар», «Торғай қызы» әндері бүгінде аңызға айналды десе болады. Оқырмандардың да осы әндердің дүниеге келу тарихын білгісі келеді.

– Сырағаң алпыс жасқа толғанда Торғайға барып қайтты. Сол сапарыңда Ақкөзге соғып, көл бетін аққуға толтырған ғажайып көрініске ерекше сүйсініп оралды. «Ақкөздің аққулары туралы бір өлең жазсам», – деп жиі айтатын. Алайда жол апатына ұшырап, сол арманы орындалмай қалды. Бірде маған: «Соны сен жаз», – деп аманат-тағаны бар.

Көп ұзамай жаным Әсет Бейсеуовті ертіп, Торғайға тарттық. Ақкөздің мөбдірі суына шомылып, тұзына түстік. Ақкөз совхозында директор болып істейтін Кәдір досыма арнайы соқтық. Өлең де сол азаматқа арналды. Әуелі сөзі туды, артына әні де көп күттірмей дүниеге келді.

Бұл әнді алғаш рет Нұрғали Нүсіпжанов орындады. Торғайлық әншілердің де репертурынан түскен емес. Қарағөз Тергеубекова деген әнші қыз да орындап жүр.

Кәдір досым дүниеден өтер алдында, сырқаттанып жатқан шағында осы әнді жиі тыңдап, көзіне жас алады екен.



**АСТАНАҒА ҚОНЫС АУДАРҒАН СОҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫМДА ЖАҢА БІР СЕРПІЛІС ПАЙДА БОЛДЫ. БҰРЫН КӨКЕЙДЕ ТҮНШЫҒЫП ЖҰРГЕН ОЙЛАРЫМ КЕҢІСТІК ТАПҚАНДАЙ ӘСЕР АЛДЫМ. ОНЫҢ ҰСТІНЕ БЕЛГІЛІ ҚАЛАМҒЕР ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ: «СЕРІК, БАҒАҒЫ ҚАЛЫППЕН ШЕКТЕЛІП ҚАЛМА. СЕН ТЫНЫСЫ КЕҢ ЭПИК АҚЫНСЫҢ. ІРІ ТҰЛҒАЛАР ЖАЙЫНДА КӨЛЕМДІ ПОЭМАЛАР ЖАЗ», – ДЕП АҚЫЛ БЕРДІ.**



Кеңшілік Мырзабеков пен сыныптасы Кәдір Жүнісов

Әбіш, Мұқағали, Өтежандармен сол арқылы таныспыз. Әсіресе, Өтежан ақынның «Менің махаббатым» деген кітабымен дүрлідеп тұрған кезі.

Өтекеннің: «Дертіне дауа болмай сол гашықтың, Поызбен жалғыз өзім жолға шықтым.

Түсімде суга барған сені көріп, Бір жағын шелегіңнің қалдасыттын», – деп басталатын өлеңдерін жатқа айтып, арқырап жүрген шағым.

Кеңшілік әр хат сайын Алматыға шақырады. Алматыға, Алматының ақындарына одан сайын ынтыға түсемін. Бүгінде ол хаттардың бәрі менде сақтаулы. Быыл досымның да сексен жылдығы ғой, жарияласам деген жоспарым бар.

Сөйтіп жүргенде бүгінгі Астана, сол кездегі Целиноград қаласында өлке ақын-жазушыларының жиыны өтетін болды. Оған Торғай өңірінен Сейіт Кенжеахметов, Таңатқан Сәтбаев үшеуіміз қатыстық. Алматыдан Фабит Мүсірепов бастаған, Сырбай Мәуленов, Ғали Орманов, Зейнолла Қабдолов, Әнуар Әлімжанов қостаған мықтылар келді.

Ғабен «Есіл» қонақүйіне тоқтаған екен. Үшеуіміз сәлем бере бардық. Бір көргеннен байқағанымыз, Фабит ағаның болмысынан Сәкен Сейфуллинге еліктеу аңғарылады. Үнемі таза киінеді, шашын майлап қояды. Бетін әрлеп, иісуды мольнан себеді екен. Бипаз, бияыз, салсерілік пен тектілікті бойына сіңірген жан.

Әдеттегідей, жиынымыз секцияларға бөлініп жұмыс істеді. Мен Ғали Орманов басқарған поэзия секциясына қосылдым. Зейнолла ағай әр секцияға арнайы кіріп: «Қандай талантты жастар бар екен?» деп сұрастырып жүреді. Біз сол жерде бурқыратып өлең оқимыз. Ғали Орманов мені көрсетіп: «Мынау нағыз

кетеді. Бәрін реттеп қойғанмын», – деп кесіп айтты. Алматының думанды ортасына осылай қосылдық қой.

– Жазушылар одағына алғаш барған кезіңіз есіңізде ме?

– Ой, ол кезде іздеген адамның одақтан табысың. Бұған дейін есіміне сыртынан таныс талай қаламгерді сол жерден көрдім. Кеңшілік бәрін таниды. Алған әсерім керемет! Жазушылар одағына алғаш барып тұрса да, өзімді туған үйімде жүргендей еркін сезіндім. Алдымен Тұманбай Молдағалиевті іздедім. Ол жұмыс істейтін баспа одақтың ішінде екен. Табу қиын болған жоқ. Кабинетіне барып, сәлем бердік. Кеңшілік мені «Мынау Серік деген ақын» деп таныстырды. Тұмағаң: «Ақын болса, өлең оқысын» деп жатыр. Қазір есімде жоқ, өлең оқыдым. Риза болды.

Уақыт түске таяп қалған кез еді. Тұмағаң: «Түскі асты біздікінен ішейік» деп үйіне ертіп барды. Жазушылар одағына жақын, кезінде Бейімбет Майлин тұрған үй екен. Осылай Тұмағаң алғашқы күннен туған ағамыздай болып кетті.

Кейін басқа да ақын ағаларыммен танысып, жақсы араласып жүрдік. Мұқағалиды күнде көрміз. Төлеген Айбергенов те бауырмал жан еді. Бір кездескенімізде «Жұлдызға» шыққан бір-екі өлеңімді жатқа оқып, марқайтып тастағаны бар.

– Өзіңіз айтқандай, құрдасыңыз Кеңшілік Мырзабековтің де биыл сексен жылдығы. Досыңыз туралы айтарыңыз бар ма?

– Кеңшілік екеуіміздің өле-өлгенше жұбымыз жазылған жоқ. Мен Кеңшілікпен тірісінде де таласқан адам емеспін. Ол әдебиетке келгеннен өз жолын тапқан ақын. Біздің алдымызда талай мықты ақындар болды ғой. Кейінгі толқыннан да небір мықтылар шықты. Өз басым Кеңшілікті бәрінен биік қоя-



Серік Тұрғынбекұлы мен Кеңшілік Мырзабеков

– Алғашқы кітабыңызға Мұқағали пікір жазған екен. Енді сол жайлы таратып айтып берсеңіз.

– Алматыға келген соң өлеңдерім газет-журналдарда жиі-жиі жарық көре бастады. Әбділда Тәжібаевтан бастап көптеген ақын жақсы лебіздерін білдірді. Бір күні Мұқағали: «Әй бала, сен Алматыға келсең біраз уақыт өтті. Кітабың шықты ма?», – деп сурады. «Кітабым бастада жатыр. Қадыр Мырзалиев: «Менің тұңғыш кітабымның аты – «Домбыра». Халық жақсы қабылдады. Саған да жұғысты болсын, аты «Қобыз» болсын» деп жоспарға кіргізіп қойған», – деп жауап бердім.

Мұқағали ертеңінде Қадырға барып, «Серіктің кітабына мен пікір жазам. Одан кейін шығармай көр, Мырзалиев» деп қолжазбаны алып кетіпті. Екеуі әзіл-қалжыңы жарасқан құрдас жандар еді.

Кейін Мұқанның кітапқа жазған пікірін көрдім. Кейбір түрткен жерлері де бар. «Серік ақындық тусауын кесуге тұратын жігіт. Мұның жырлары алып-жұлып тұрмайды, тоқырап та жатқан

Мұны жұбайы Қаншайым айтқан еді. Қаншайым да бірге оқыған кластасымыз болатын. Бүгінде ол да өмірден өтті.

Ал «Торғай қызы», шыны айту керек, Үкімет пен партияның тапсырмасынан туған өлең еді. Ол бір үгіт-насихаттың дүрілдеп тұрған кезі. Марқұм Болат Хамзин «бір ән жазып, үн қосайық» деп өтініш айтты. Торғай қызына қой бақтырып қоятыным сол. Бұл әннің нақты бір кейіпкері жоқ. Әйтесе де, ән мен мәтіні үйлесім тауып, халықтың көңілінен шыққан шығарма болды. Сахнаға алғаш алып шыққан Ғазиза Жүмекенова еді. Әлі күнге әншілердің репертурынан түсе қойған жоқ.

– Сіз елордаға қоныс аударғалы бірнеше поэма жаздыңыз. Арқаға келіп, екінші тынысыңыз ашылған сияқты.

– Өзің білесің, біздің туған жеріміз – Торғайда үлкен ақындық мектеп қалыптасқан. Ахмет ұшқан алтын уяда небір дүлдүлдер өткен. Бүгінде Нұрхан Ахметбеков деген ақынды білмейтін

адам жоқ. Оның «Ұры Қарға», «Есім сері», «Жасауыл қырғыны», «Жұпар ханымы» секілді дастандары бірінен-бірі өтеді. Біз осы жырларды тыңдап өстік. Нұрхан рухымен ауыздандық. Тіпті, Нұрханның дастандарын әлі күнге жатқа білемін. Атақты «Жасауыл қырғыны»:

*Сазды Әйет, Сарыарқада Түйемойнақ, Сарыжайлау, сабатына бие байлап, Отырып уық тастам көшпелі елдер Ететін ала шаңдақ үнемі ойнақ, Тірілген шыбын-шіркей ішінде шалып, Көк майса құлтырған кез жер жасарып. Өткен күз ел көшкеннен бермен қарай Қонбаған жалғыз ауыл ірге салып,* – деп басталады.

Сағи, Тұманбай ағаларым да «Шіркін, Нұрханның дастандарын айтсай!» деп таңғалып отыратын еді. Сағи ақынның Нұрханның «Ұры Қарғасын»:

*Айбастың бір атасы Сіргелі еді, Қашаннан қара тамыр іргелі еді, Қан тамып қылышынан қылышылдаған Қарғаның қағындырған күндері еді,* – деп жатқа соғатынына талай куә болдым.

Біз үшін Нұрханнан кейін де көркемдік әлем болды. Ол – Сырбай мен Ғафудың поэзиясы. Екеуі бірінен-бірі асып түседі. Нағыз кәсіби, заманауи поэзияның озық үлгілері болатын.

Ғафудың да – дастаншыл ақын. Онысын «Нұрханнан алған әсерім» деп отыратын. Өзі де Нұрханның эпикалық дастандарын жатқа соғайды.

Ауылдағы бар бала-шаға осы екі ақынның қолымызға түскен өлеңдерін жарыса жатқа айтып өстік. Кейін олар елге келгенде, өз көзімізбен көріп, жүзлесу бақытына не болдық. Менің «Сырбайдың дауысы» дейтін балладаның жазылуына да сол кездесулер әсер еткен-ді.

Рас, Астанаға қоныс аударған соң шығармашылығымда жаңа бір серпіліс пайда болды. Бұрын көкейде тұншығып жүрген ойларым кеңістік тапқандай әсер алдым. Оның үстіне белгілі қаламгер Әбіш Кекілбаев: «Серік, бағғы қалыппен шектеліп қалма. Сен тынысы кең эпик ақынсың. Ірі тұлғалар жайында көлемді поэмалар жаз», – деп ақыл берді. Әбекеннің бұл сөзі мені кәдімгідей қамшылап, «Кейкі батыр», «Махамбет» поэмаларын жаздым. Уақыт өте келе бұл туындылар сахнаға жол тартты. «Кейкі батыр» да, «Махамбет» те драмалық шығармаға айналып, театр сахналарында қойылды.

– Театр сахнасы демекші, қазаққа драматург ақындар аз емес. Сізді пьеса жазуға не итермеледі?

– Мен Алматыда бірнеше жыл Мәдениет министрлігінің репертуарлық-редакциялық алқасын басқарып, театр сахнасына ұсынлатын спектакльдерді сараптап, іріктеуге жауапты болдым. Осында жүріп қалай драматург болғанымды өзім де аңғармай қалдым. Абайдың 150 жылдығы тұсында Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романының желісін «Абай-Біржан» драмасын жаздым. Драматургия саласындағы алғашқы еңбегім – осы. Кейін Нұрхан Ахметбековтің өмір жолына арналған «Нұрхан» пьесасы дүниеге келді. Ол бірнеше жыл Арқалық театрында сахналанды.

Астанаға келген соң белгілі режиссер Әзірбайжан Мәмбетов театрдың әдебиет бөлімінің меңгерушісі қызметін ұсынды. Кейін Әзекең: «Серік, алдымен Мұқағали Мақатаев туралы жаз. Одан соң Шәмші Қалдаяқов жайында, кейін мен туралы жазарсың. Желтоқсан көтерілісі кезінде бастан өткергенім аз емес, бәрін саған айтып беремін», – деп еді.

Осылайша, бірнеше пьеса дүниеге келді. Мұқағали мен Шәмші туралы қойылымдарды көрермен жылы қабылдады. Бүгінде сол спектакльдердің бірқатары Қостанай мен Жезқазған театрларының сахнасында әлі де сахналанып келеді.

– Кеңес дәуірінде қаламгерлер «ең дәулетті адамдардың қатарында болды, қомақты қаламақы алды» деген сөз бар. Сол кезеңде алған ең үлкен қаламақысыз есіңізде ме?

– Нақты сомысы жалаымда сақталмапты. Бірақ ол уақытта қаламақы шынымен де мол төленетін. Тіпті, бір кітаптың қаламақысына «Волга» минуте мүмкіндік болды. Оның да өзіндік себебі бар. Үкіметті мақтау керек. Билік басындағыларды дәріптеу міндет саналды. Сол үшін билік ақын-жазушыларды қаржылай қолдаудан тартынған жоқ.

Өкінішке қарай, сол дерт бүгінге дейін жалғасып келе жатыр. Қазір де билікті мадақтаған – атақ та, марапат та табылады. Кезінде маған да сондай ұсыныстар болған. Алайда мен бірінші басшыны дәріптеп жазудан да, ондай сый-құрметтен де саналы түрде бас тарттым. Ар-ожданым оған жол бермеді.

– Оқырманыңыз үшін осындай таза қалпыңызбен, отты өлеңдеріңізбен барлық сыйлықтан биіксіз, аға!

– Рахмет, айналайын!  
– Сізге де көп рахмет! Құдай қуат беріп, жазарыңыз таусылмасын!

Әңгімелескен – Мұхарбек ЖӘКЕЙҰЛЫ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫСЫНДА ОРНАЛАСҚАН, ИНДУСТРИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ ӨНІРДІҢ ҒЫЛЫМИ-ИНЖЕНЕРЛІК ТІРЕГІНЕ АЙНАЛҒАН Д.СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ – АЛПЫС ЖЫЛДАН АСТАМ ТАРИХЫ БАР БЕДЕЛДІ БІЛІМ ОРДАСЫ. 1958 ЖЫЛЫ ӨНДІРІСІ ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ӨСКЕМЕНДЕ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНҒАН ОҚУ ОРНЫ БҮГІНДЕ АЙМАҚТЫҚ ИНСТИТУТ ДЕНГЕЙІНЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІНЕ АЙНАЛДЫ.



**Сәуле РАХМЕТУЛЛИНА,**  
*Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің ректоры:*

## БІЗ САМАЛЫҚ ИНСТИТУТТАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІНЕ АЙНАЛДЫҚ

орталығы ретінде қалыптасады деп сенеміз.

Университет индустрия сұранысына жауап беретін инженер кадрларын даярлаудан бастап, цифрландыру, жасанды интеллект, жасыл технологиялар және тұрақты даму бағытындағы зерттеулерге дейінгі ауқымды эволюциялық жолдан өтті. Бүгінде ол – білім, ғылым және өндіріс тоғысқан, трансшекаралық әріптестік пен инновациялық бастамаларға ашық стратегиялық орталық.

Осы орайда біз университеттің қалыптасу кезеңдері, қазіргі стратегиялық басымдықтары, халықаралық серіктестігі мен ғылыми жобалары, сондай-ақ болашаққа арналған жоспарлары туралы білу үшін оқу орнының ректорымен сұхбат құрудық.

– **Сәуле Жәдігерқызы, алдымен әңгімемізді Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ-дың қалыптасу кезеңі туралы бастасaq. Университеттің іргетасы қаланған сәттен бүгінге дейінгі негізгі тарихи белестерді қалай бағалар едіңіз?**

– Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті өз тарихын 1958 жылдан бастайды, сол кезде өнеркәсібі дамып келе жатқан Өскемен қаласында аймақты инженерлік кадрлармен қамтамасыз ету үшін Құрылыс және жол институты құрылды. Университет Шығыс Қазақстандағы металлургиялық кәсіпорындар, энергетика, құрылыс және машина жасау салалары үшін мамандар даярлау ісін қолға алып, оны ойдағыдай орындады. 1970-1980 жылдарға қарай университет аймақ өнеркәсібі үшін ғылыми және техникалық сараптама орталығына айналды.

Тәуелсіздік жылдары университет институционалдық трансформациядан өтіп, техникалық университет мәртебесін алды, халықаралық стандарттарға бейімделген білім беру жүйесіне көшті. Соңғы кезеңде стратегиялық жаңғыру – цифрландыру, ғылыми инфрақұрылымды жаңарту, халықаралық серіктестікті кеңейту арқылы жүзеге асуда.

Тарихи белестерді үш кезеңге бөлуге болады: қалыптасу және индустриялық кадрлар даярлау кезеңі, бұл 1958-1990 жылдар аралығында, ұлттық жоғары білім жүйесіне интеграция және академиялық автономияны күшейту кезеңі 1991-2015 жылға дейін көрініс тапты, үшінші зерттеу университетіне көшу және халықаралық позицияны нығайту кезеңі, бұл 2016 жылдан бүгінге дейінгі кезеңді қамтиды.

Егер бұрын біздің миссиямыз зауыттарға кадрлар даярлаудан тұрса, бүгінде ол цифрлық экономика, 4.0 индустрия және тұрақты даму үшін инженерлерді даярлау ісін қолға алып отырмыз.

Біз салалық институттан халықаралық білім беру және ғылыми қауымдастыққа интеграцияланған заманауи техникалық университетке айналдық.

– **Қазір университет қандай стратегиялық бағыттарды басымдыққа алып отыр? Ресей, Қытай және Моңғолия шекараларының түіскен жерінде орналасқан аймақтық техникалық жоғары оқу орнынан ұлттық немесе халықаралық деңгейдегі ғылыми орталыққа айналу жоспары бар ма?**

– Университетіміздің негізгі стратегиялық басымдығы – ғылыми-зерттеу әлеуетін күшейту және білім мен ғылымның интеграциясын жаңа деңгейге шығару. Осы бағытта біз зерттеу университеті мәртебесін алу процесін белсенді түрде жүргізіп жатырмыз. Бұл мақсат кездейсоқ таңдалған жоқ. Себебі соңғы жылдары университетте ғылым қарқынды дамып келеді. Бүгінде университет бюджетінің шамамен 43 пайызы ғылыми жобалар мен бағдарламалар арқылы тартылған қаражаттан қалыптасып отыр, оның ішінде халықаралық гранттар мен серіктестік бағдарламалардың үлесі де айтарлықтай.

Біздің географиялық орналасуымыз – Ресей, Қытай және Моңғолия шекаралары түіскен стратегиялық аймақта болуы – университеттің халықаралық ғылыми орталыққа айналуына үлкен мүмкіндік береді. Сондықтан біз аймақтық техникалық жоғары оқу орны деңгейінен шығып, ұлттық және халықаралық деңгейдегі зерттеу хабына айналуды көздейміз. Бұл үшін басым бағыттар ретінде материалтану, сирек және сирекжер металдар технологиялары, цифрлық инженерия, жасыл технологиялар және тұрақты даму салалары таңдалған.

Алдағы кезеңде университет тек білім беретін мекеме ғана емес, өңірлік технологиялық даму драйвері, индустрия мен ғылымды байланыстыратын платформа және халықаралық ғылыми кооперация

орталығы ретінде қалыптасады деп сенеміз.

– **Шетелдік университеттермен әріптестік байланыстар қандай деңгейде? Қос дипломды бағдарламалар мен академиялық ұтқырлық мүмкіндіктері жайлы не айтасыз?**

– Шетелдік университеттермен әріптестік байланыстар ШҚТУ-да өте белсенді және жүйелі түрде дамып келеді. Университет 12 қос дипломды және бірлескен бакалавриат пен магистратура бағдарламаларын жүзеге асырады, олардың серіктестері Азия мен Еуропаның жетекші оқу орнындары – Tianjin University, НИЯУ МИФИ, Ruhr University Bo-

бойынша жетістіктерге көңіліңіз толады?

– Халықаралық рейтингтердегі позицияларымыз да жүйелі дамудың нәтижесінен айқын көрсетеді. Мысалы, Times Higher Education ұйымының Times Higher Education Interdisciplinary Science Rankings (THE ISR) 2026 рейтингі нәтижесі бойынша университет Қазақстан жоғары оқу орнындары арасында 2-орын алып, әлемнің үздік университеттері қатарындағы TOP-601–800 тобына енді. Сонымен қатар QS World University Rankings рейтингі бойынша университет 1018-орынға ие болды, ал QS Stars University Ratings халықаралық бағалау

– **Шығыс Қазақстан өңірінің индустриялық және экономикалық дамуына университет қандай нақты кадрлық және ғылыми үлес қосып отыр?**

– Шығыс Қазақстан өңірінің индустриялық және экономикалық дамуына университеттің үлесі ең алдымен кадр даярлау мен қолданбалы ғылымды дамыту арқылы көрінеді. ШҚТУ өңірдің негізгі салалары – тау-кен-металлургия кешені, энергетика, машина жасау, құрылыс және цифрлық өндіріс үшін жоғары білікті инженерлік кадрлар даярлап келеді. Біздің түлектердің басым бөлігі өңір кәсіпорындарында жұмысқа орналасып, өндірістің технологиялық жаңаруына тікелей қатысады.

Тәжірибеге бағытталған білім беру моделі дуалды оқыту, кәсіпорындар базасындағы кафедра филиалдары және өндірістік алаңдарда іске асырылатын білім беру бағдарламалары арқылы жүзеге асырылуда. 2024 жылы дуалды оқыту 5 кәсіпорынның қатысуымен 8 білім беру бағдарламасына енгізілді. Алдағы кезеңде индустриялық серіктестер желісін кеңейту жоспарланған, олардың қатарында Plasma Science, Қазақ-телеком, Ядролық физика институты, «Астана Моторс», Allur және басқа ұйымдар бар. Сонымен қатар өңірдің жетекші кәсіпорындары базасында кафедра филиалдары жұмыс істейді, соның ішінде «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ, «Казцинк» ЖШС, Өскемен ГЭС сияқты өндіріс орындары бар. Бұл студенттердің дипломдық жұмыстарын кәсіпорындарда орындауына, ерте кәсіби бейімделуіне және түлектердің тұрақты жұмысқа орналасуына мүмкіндік береді.

– **Бүгінгі цифрлық дәуірде университет толыққанды smart-campus форматына көшті деп айта аламыз ба? Студент пен оқытушы үшін қандай цифрлық шешімдер енгізілді?**

– Біз бүгін университет толыққанды цифрлық университет моделіне көшіп жатыр деп нақты айта аламыз. ШҚТУ-дағы цифрландыру – бұл жекелеген IT-жобалар емес, университеттің басқару тиімділігін, ашықтығын және басқекке қабілеттілігін арттыруға бағытталған жүйелі трансформация. Біз цифрлық өзгерістерді басқару, ғылым және инфрақұрылым модельдерін кешенді жаңғырту ретінде қарастырамыз.



chum, Clausthal University of Technology, TU Bergakademie Freiberg және AGH University of Science and Technology. Қос дипломды бағдарламалар ғылыми басымдықтарды, академиялық стандарттарды және халықаралық индустриялық және зерттеу жобаларына кадрлар даярлауды синхрондаудың тиімді құралы болып отыр.

Лу Вань шеберханасы – университеттің негізгі халықаралық білім беру және ғылыми-технологиялық кооперациясының элементі. Бұл платформа қытайлық серіктестермен бірге жұмыс істеп, жаңа буын инженерлерін даярлауға, жобалық және практикалық бағыттағы оқытуды дамытуға және бірлескен білім беру мен ғылыми бағдарламаларды жүзеге асыруға бағытталған. Сонымен қатар университет құрамындағы Қазақстан-Неміс ғылым және технология институты неміс университеттері мен ғылыми орталықтарымен бірлесіп дуалды және тәжірибеге бағытталған оқыту бағдарламаларын жүргізеді, бұл ШҚТУ-дың академиялық мобильдігін және халықаралық зерттеу кадрларын даярлау мүмкіндіктерін арттырады.

Академиялық ұтқырлық Erasmus+ K1, DAAD, Болашақ бағдарламалары және басқа халықаралық жобалар аясында жүзеге асырылады. Мысалы, 2026 жылдың басында үш студент Erasmus+ халықаралық алмасу бағдарламасының стипендиаттары атанып, Бранденбург техникалық университеті Котбус-Зенфтенберте білім алатын болады. Соңғы үш жылда 40-тан астам студент шетелде білім алып, 50-ден астам докторант жетекші ғылыми орталықтарда ғылыми тағалымдамадан өтті.

Осы механизмдер университеттің интернационализациясын институционалды түрде бекітіп, білім сапасын, ғылыми нәтижелілікті және академиялық беделді арттыруға мүмкіндік береді.

– **Университеттің білім беру сапасы мен халықаралық рейтингтердегі орны туралы айтып өтсеңіз. Қай көрсеткіштер**

жүйесінде 4 жұлдыз алды. Бұл – университеттің білім беру сапасы, ғылыми қызмет, халықаралық ынтымақтастық және инфрақұрылым бағыттары бойынша жоғары деңгейін көрсететін маңызды көрсеткіш.

Сонымен қатар жаһандық «жасыл» рейтинг – UI GreenMetric World University Rankings 2025 нәтижелері бойынша университет 1 745 жоғары оқу орнының ішінде 139-орынға ие болып, Қазақстан мен Орталық Азия университеттері арасында 1-орын алды. Бұл – тұрақты даму, экологиялық жауапкершілік және «жасыл кампус» саясаты бағытындағы жұмыстарымыздың халықаралық деңгейде мойындалуы.

Ал UniRank агенттігінің бағалауы бойынша 2025 жылы университет Қазақстандағы 102 жоғары оқу орнының ішінде 1-орынды иеленіп, әлемдік рейтингте 1 633-орынға орналасты.

Университеттің білім беру сапасының ең маңызды көрсеткіші – түлектердің еңбек нарығындағы сұранысы мен жұмыспен қамтылу деңгейі. Бұл тұрғыда нәтижелеріміз көңіл қуантады. 2021–2025 жылдар аралығында түлектердің орташа жұмыспен қамтылу деңгейі тұрақты түрде 95–96 пайызды құрады, ал докторантура түлектері бойынша бұл көрсеткіш 100 пайызға жетті. Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мәліметтері бойынша, 2025 жылы университеттің рейтингтік білім беру бағдарламалары бойынша жұмыспен қамтылу деңгейі 95,2 пайызды құрап, жоғары оқу орнымызды өңірдегі мемлекеттік университеттер арасында екінші орынға шығарды. Бұл – білім беру бағдарламаларының сапасы мен олардың сәбек нарығы талаптарына сәйкестігін көрсететін нақты нәтиже.

Жалпы алғанда, бұл көрсеткіштердің барлығы білім беру сапасын арттыру, ғылым мен инновацияны дамыту және университеттің халықаралық басқекке қабілеттілігін күшейту бағытында жүргізілген жүйелі жұмыстың нәтижесі деп айтуға болады.

– **Жас өнертапқыштарға қандай қолдау көрсетіледі?**

– ШҚТУ-да студенттік стартаптар мен технологиялық кәсіпкерлік CDIO халықаралық білім беру моделі негізінде қарқынды дамып келеді. Бұл тәсіл студенттерге тек теориялық білім беріп қана қоймай, нақты технологиялық өнімдер, прототиптер және инновациялық шешімдер жасауға қабілетті инженерлерді даярлауға бағытталған. CDIO аясында оқу үдерісі жобалық қызметке негізделген: студенттер өздерінің инженерлік жобаларын әзірлейді, өндірістің нақты міндеттерімен жұмыс істейді және идеядан бастап өндіруге дейінгі толық циклден өтеді. Бұл олардың кәсіпкерлік ойлауын қалыптастырып, стартап құруға және әзірлемелерді коммерцияландыруға қажетті практикалық дағдыларын дамытады.

Жас өнертапқыштарды қолдау үшін университетте акселерациялық бағдарламалар, менторлық сүйемелдеу, зертханалық инфрақұрылым және индустриялық серіктестермен бірлескен жобалар ұсынылады. Сонымен қатар университет AI-Sana ұлттық бастамасы аясында AI-Sana: EKTU Demo Day форумын өткізді. Бұл алаңда студенттер өз стартап жобаларын ұсынып, сарапшылардан кері байланыс алып, үздік командалар қаржылай қолдау мен дамыту мүмкіндіктеріне ие болды. Мұндай форматтар университетте технологиялық кәсіпкерлік мәдениетін жүйелі түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

– **Енді университет қабырғасында білім алып жатқан студенттердің жатақхана, шәкірті, әлеуметтік қолдау мәселелері қалай шешіліп келеді? Университет жастары үшін жайлы орта қалыптастыру бағытында қандай бастамалар бар?**

– Студенттердің әлеуметтік жағдайын жақсарту және жастар үшін қолайлы орта қалыптастыру – біздің басым бағыттарымыздың бірі. Университетімізде білім алушыларға көрсетілетін әлеуметтік көмек түрі көп. Айталық, көпбалалы отбасылардан шыққан студентке жатақханада тұру ақысына 50 пайыз жеңілдік беріледі; ата-анасыз және мүмкіндігі шектеулі студенттерге (өтініштері негізінде) университет жатақханаларында тегін тұру мүмкіндігі қарастырылған, ондай студенттерге арнайы шәкірті-ақы беріледі, өте жақсы нәтижемен оқыса жоғары (көтеріңкі) шәкірті-ақы тағайындалады және тамақтануға ақшалай көмек көрсетіледі. Ата-анасынан ерте айрылған студентке киім-кешек алуға 241 700 теңге мөлшерінде біржолғы ақшалай жәрдемақы және оқуға түсу кезінде екі айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленеді.

Университетіміз студенттерді жатақханамен қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөледі. Университеттің 1 385 орнына шақталған үш жатақханасы бар. Студенттер заманауи талаптарға сай жабықталған осы студент үйлеріне орналастырылған. Жатақханалардың басым бөлігі университеттің кампусына жақын, сондықтан оқу-тәрбие жұмыстарына қатысу өте ыңғайлы.

– **Алдағы 5-10 жылда ШҚТУ-ды қандай білім көршіңіз келеді? 65 жылға жуық тарихы бар бірегей білім ордасын уақыт ағымына сай дамыту бағытында қандай жоба-жоспарларыңыз бар?**

– Алдағы 5-10 жылда мен ШҚТУ-ды халықаралық деңгейде танылған зерттеу университеті ретінде көруді жоспарлаймын, онда білім беру, ғылым және әлеуметтік миссия тығыз интеграцияланған. Университеттің 65 жылдық тарихын құрметтей отырып, біз оны заманауи стандарттарға сай, әлемдік тәжірибелерге негізделген білім беру және ғылыми орталыққа айналдыруға бағытталған жобаларды жүзеге асырамыз.

Біздің стратегиямыз білім беру саласында студенттерді жобалық және зерттеушілік тәсілдер арқылы даярлау, индустриямен тығыз байланыс орнату, халықаралық бағдарламалар мен қос дипломды жобаларды енгізу, цифрлық трансформация және жасанды интеллект, Big Data және интеллектуалды жүйелерді кеңінен қолдануға бағытталған. Ғылым саласында біз зерттеу инфрақұрылымын жаңғыртып, жаңа зерттеу орталықтарын, технопарктер мен инновациялық платформаларды дамытамыз, сондай-ақ индустриялық бағыттағы қолданбалы зерттеулер мен халықаралық ғылыми интеграцияға басымдық береміз.

Сонымен қатар университеттің әлеуметтік миссиясы – тұрақты даму, ESG қағидаларын енгізу, студенттердің азаматтық және экологиялық жауапкершілігін арттыру, волонтерлік, мәдени және әлеуметтік жобаларды қолдау арқылы қоғамға нақты үлес қосу. Барлық осы бастамалар ШҚТУ-ды тек білім беру орны емес, өңірлік технологиялық және инновациялық хаба айналыдырып, жаһандық цифрлық экономикада жұмыс істей алатын инженерлерді даярлауға мүмкіндік береді.

– **Ректор ретінде Сіздің басқару ұстанымыңыз қандай? Университетті басқаруда қандай құндылықтар мен принциптерге сүйенесіз?**

– Мен бар назарымды білім, ғылым және индустрия интеграциясы арқылы жоғары технологиялық болашақты қалыптастыруға бағытаймын. Сондай-ақ мен үшін маңызды қағидалардың бірі – академиялық артықшылықты және ғылыми-технологиялық дамуды жетілдіру. Біздің міндетіміз – жаңа буын инженерлерін даярлау, ғылыми зерттеулерді дамыту, халықаралық ынтымақтастықты нығайту және университеттің индустриямен және экономикалық қажеттіліктерін қамтамасыз ету.

– **Әңгімеңізге рахмет!**

Сұхбаттасқан  
Наурызбек САРША

2025 ЖЫЛ САЛАЛЫҚ КӘСПОДАҚ ҚЫЗМЕТІНДЕ АЙРЫҚША КЕЗЕҢ РЕТІНДЕ БАҒАЛАНЫП, ҰЙЫМНЫҢ ҒАСЫРЛЫҚ ШЕЖІРЕСІНЕ ЕНДІ. БҮЛ ЖЫЛ ЕЛІМІЗДЕГІ КӘСПОДАҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ 120 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫМЕН ТҮСПА-ТҮС КЕЛІП, КӘСПОДАҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҒЫ МЕН ҚОҒАМДАҒЫ ОРНЫНЫҢ МАҢЫЗЫН АЙҚЫНДАЙ ТҮСТІ.

## 75 МЫҢҒА ЖУЫҚ КӘСПОДАҚ МҮШЕСІНІҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛДЫ

Бүгінде қазақстандық кәсіподақ қозғалысы әлеуметтік-еңбек қатынастары жүйесінің белсенді қатысушысы ретінде тұрақты жұмыс атқарып қана қоймай, халықаралық кәсіподақ алаңдарында да өз беделін нығайтып келеді.

2025 жылы Салалық кәсіподақ қатары 7 мыңнан астам жаңа мүшемен толықты. Нәтижесінде, жалпы мүшелер саны 600 мыңнан асты. Бұл – жай ғана статистикалық көрсеткіш емес, жүйелі ұйымдастырушылық жұмыстың, мүшелікке тарту тетіктерін жетілдірудің және ең бастысы еңбек адамдарының Кәсіподаққа деген сенімінің нақты нәтижесі.

Құқық қорғау қызметі мен негізгі бағыттар XV Съезд қағидағарына және 2024-2029 жылдарға арналған бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылды. Қабылданған іс-шаралар кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-еңбек құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, еңбек дауларының алдын алуға, құқықтық сауаттылықты арттыруға және әлеуметтік әріптестік тетіктерін жетілдіруге бағытталды.

Ұйымның институционалдық тұрақтылығын нығайту мақсатында құрылымдық,

кадрлық, ақпараттық және қаржылық әлеуетті арттыру бойынша кешенді іс-шаралар қабылданды. Бұл қадамдар кәсіподақтың сыртқы сын-қатерлерге уақытылы әрекет ету және мүшелер мүддесін тиімді қорғау мүмкіндігін арттырды.

Кәсіподақ қызметінің тиімділігі ең алдымен әлеуметтік әріптестік институтына негізделді. Былтыр ұжымдық шарттардың қолданылу ауқымы кеңейіп, олардағы міндеттемелердің орындалуына бақылау күшейтілді. Бұл келісімдерде бекітілген нормалардың іс жүзінде орындалуын қамтамасыз етуге ықпал етті.

Оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім салаларында әлеуметтік әріптестікті дамыту – Салалық кәсіподақтың басым бағыттарының бірі. Тараптардың жүйелі іс-қимылы нәтижесінде әлеуметтік диалогтың барлық деңгейін қамтитын тиімді салалық тетік қалыптасып, тұрақты жұмыс істеуде.

Салалық кәсіподақ пен уәкілетті тараптар арасында жасалған әлеуметтік әріптестік туралы келісімдер шеңберінде еңбек жағдайлары, жұмыспен қамту, еңбекақы төлеу, еңбек нормалары, жұмыс уақыты мен

демалыс режимі, сондай-ақ әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктер нақты регламенттелген.

Қазір кәсіподақ ұйымдары 8 716 ұжымдық шарт жасасқан. Олардың мазмұны салалық келісімдерде көзделген нормаларды кеңейтіп, қызметкерлер үшін қосымша кепілдіктер қарастырады.



## АЛМАТЫ ГАРНИЗОНЫНДА SARBAZ+ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚОРҒАНЫС ВЕДОМСТВОСЫНЫҢ БАСШЫСЫ, АВИАЦИЯ ГЕНЕРАЛ-ЛЕЙТЕНАНТЫ ДӘУРЕН ҚОСАНОВ ПЕН ПАРЛАМЕНТ ДЕПУТАТТАРЫ АЛМАТЫ ГАРНИЗОНЫНА ЖҰМЫС САПАРЫ БАРЫСЫНДА 78 460 ӘСКЕРИ БӨЛІМІНІҢ БАЗАСЫНДА ІСКЕ ҚОСЫЛҒАН SARBAZ+ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ. ЖОБА МЕРЗІМДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТІ ЖАҢҒЫРТУҒА, АРМИЯНЫҢ БЕДЕЛІН АРТТЫРУҒА ЖӘНЕ СУРАНЫСҚА ИЕ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН.

### Наурызбек САРША

Сапар барысында қонақтарға әскери бөлімде енгізілген заманауи технологиялар мен өзіміздің курстарға қатысу мүмкіндігіне ие. Astana Hub технопаркпен бірлескен TechOrda бағдарламасы аясында сарбаздар ақпараттық қауіпсіздік талдауын, деректерді қорғауды және шығынсыз ұшу аппараттарын басқаруға арналған жасанды интеллект технологияларын меңгереді. Бұдан бөлек, QLANG онлайн-платформасы арқылы ағылшын тілі курстары ұйымдастырылған.

Сонымен қатар мерзімді қызметтегі сарбаздар әртүрлі білім беру бағдарламалары мен кәсіби курстарға қатысу мүмкіндігіне ие. Astana Hub технопаркпен бірлескен TechOrda бағдарламасы аясында сарбаздар ақпараттық қауіпсіздік талдауын, деректерді қорғауды және шығынсыз ұшу аппараттарын басқаруға арналған жасанды интеллект технологияларын меңгереді. Бұдан бөлек, QLANG онлайн-платформасы арқылы ағылшын тілі курстары ұйымдастырылған.

тырылды. Бұл сервистер әскери қызметшілердің күнделікті өмірін жеңілдетуге және кері байланысты жеделдетуге бағытталған.

– Sarbaz+ технологияны, инфрақұрылымды дамытып, адам күшін саналы жұмсауға бағытталған. Біз қызметтің заман талабына сай болуын және әскери қызметшілердің кәсіби өсуіне мүмкіндік жасауды көздейміз, – деді Дәурен Қосанов.

Жобаны Парламент Сенатының депутаты Ғалиасқар Сарыбаев жоғары бағалады. Оның айтуынша, Sarbaz+ армияны модернизациялауға жүйелі көзқарастың нақты көрінісі әрі адами капиталды дамытудың стратегиялық міндеттеріне жауап береді.

– Бүгін мерзімді қызмет тек тәртіп пен патриотизм мектебі ғана емес, заманауи құзыреттерді игеретін алаңға айналғанын көріп отырмыз. Sarbaz+ жобасы бәсекеге қабілетті мамандарды қалыптастырып, жастардың Қарулы Күштерге сенімін арттырады, – деді сенатор.

Sarbaz+ жобасы жастар мен қоғам үшін гартымды, заманауи армия бейнесін қалыптастыруды мақсат етеді. Оның аясында мерзімді қызметтегі сарбаздарды оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдістері енгізілуде. Жобаға қатысқан әскери қызметшілер запасқа шыққаннан кейін еңбек нарығында сұранысқа ие дағдыларды меңгеріп, жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттыра алады.

Ұйымдастырушылардың пікірінше, жоба сәтті жүзеге асқан жағдайда, бұл бастама Қарулы Күштердің барлық

әскери бөлімдерінде кеңінен енгізіліп, армияның жаңа сапалы даму кезеңіне жол ашады.

Бұдан кейін Қорғаныс министрінің Тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары, генерал-майор Асқар Мұстабековтың басшылығымен «Жаңа форматтағы әскер. Әскери-патриоттық тәрбие» тақырыбында дөңгелек үстел отырысы ұйымдастырылды. Іс-шара Бауыржан Момышұлы атындағы әскери-спорт колледжі базасында өтті.

Жиынға Парламент депутаттары, мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес сектордың өкілдері мен медиасарапшылар қатысты. Кездесу барысында әскери-патриоттық тәрбиені жетілдіру, әскери қызметтің беделін арттыру және Қарулы Күштердің оң имиджін қалыптастыру мәселелері талқыланды.

Генерал-майор Асқар Мұстабеков өз сөзінде әскерде жастардың жан-жақты дамуына жағдай жасалып жатқанын атап өтті.

– Біз цифрландыруды жүйелі түрде дамытып, әскер мектебінен өткен азаматтарға білім беру және әлеуметтік мүмкіндіктерін кеңейтеміз. Стратегиялық мақсатымыз – жоғары технологиялық армия құру, адами әлеуетті нығайту, әскери қызметшілердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету және олардың жауынгерлік рухын арттыру, – деді ол.

Парламент Сенатының депутаты, Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Ғалиасқар Сарыбаев әскери-патриоттық тәрбие мәселесіне қатысты өз ұстанымын білдірді. Оның айтуынша, патриоттық тәрбиені тек армиямен байланыстыру дұрыс емес.

– Біз мектеп жасынан бастап ант беру сәтіне дейінгі аралықта қалыптасатын тәрбиені жүйелі түрде қарастыруымыз керек. Патриотизм – үздіксіз қалыптасатын құндылық, – деп атап өтті сенатор.

Алматы қаласы, Алматы және Жетісу облыстары бойынша «Аналар жүрегі» сарбаз аналары комитетінің өкілі Татьяна Тропина патриоттық тәрбие ең алдымен қоғамнан және отбасынан басталуға тиіс екенін жеткізді.

– Әскери-патриоттық тәрбие идеясын қолдаймыз. Алайда сенім адам қауіпсіздігінен, отбасын құрметтеуден, әділ іріктеуден және қызметтің мәнін түсінуден басталады. Қоғам бұл бағытта сөзбен емес, іспен әрекет еткенде ғана патриотизм жастар саналы түрде қабылдайтын жауапкершілікке айналады, – деді қоғам өкілі.

Дөңгелек үстелге қатысушылар әскери-патриоттық тәрбие беру, әскери қызметтің беделін арттыру және Қарулы Күштердің имиджін нығайту жұмыстары жүйелі негізде құрылып, барлық жас санаттары мен әлеуметтік топтарды қамтуы тиіс деген ортақ пікірге келді.

Кәсіподақта құқықтық сүйемелдеу және құқықтық сауаттылықты арттыру жұмысы жүйелі түрде жүргізілуде. Еңбек заңнамасын түсіндіру, ішкі актілерді құқықтық сараптау, өтініштер мен шағымдарды қарау арқылы құқық бұзушылықтардың алдын алу деңгейі арттырылды.

Есепті кезеңде 4 030 білім беру ұйымында қоғамдық бақылау жүргізіліп, 6 631 еңбек заңнамасын бұзу дерегі анықталды.

Сала қызметкерлерінен 36 633 өтініш келіп түсті. Негізгі мәселелер еңбекақы төлемдері, еңбек шарттарын бұзу, еңбек қауіпсіздігі және ұжымдық шарт талаптарының орындалуына қатысты болды. Барлық өтініштер уақытылы қаралып, тиісті іс-шаралар қабылданды.

Мемлекеттік еңбек инспекциясына 85 өтініш жолданып, нәтижесінде жұмыс берушілерге орындауға міндетті ұйғарымдар берілді.

38 282 қызметкер құқықтық кеңес алды. Заңсыз жұмыстан шығарылған 41 кәсіподақ мүшесі жұмысқа қайта орналастырылды: 34-і келісу комиссиясы шешімімен, 7-еуі сот тәртібімен.

Құқықтық қызметтің басты сапалық көрсеткіштерінің бірі – заңсыз ұсталған немесе төленбеген қаражатты қайтару. Жыл ішінде кәсіподақ заңгерлерінің нәтижелі жұмысының арқасында қызметкерлерге 1,6 млрд теңгеге жуық қаражат өндіріліп берілді.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бағытында 8 439 өндірістік кеңес жұмыс

істейді. Сала бойынша еңбекті қорғау жөніндегі 8 548 техникалық инспектор қызмет атқарады. Былтыр 5 037 тексеру жүргізіліп, 2 215 заң бұзушылық анықталды. 2 018 ұсыныс беріліп, 1 299 еңбек жағдайларын бұзу дерегі жойылды.

Жыл қорытындысы кәсіподақ қызметінің еңбек құқықтарын қорғауда жүйелі әрі нәтижелі сипат алғанын көрсетті. Әлеуметтік-еңбек мүдделерін білдіру, ұжымдық шарттар арқылы кепілдіктерді нақтылау, еңбек дауларын шешу және өндірістік тәуекелдердің алдын алу бағытында кәсіподақ ықпалы айтарлықтай артты.

Нәтижесінде, 2025 жылы 75 мыңға жуық кәсіподақ мүшесінің құқығы нақты қорғалып, еңбек қатынастарының негізгі бағыттары бойынша – еңбекақы, жұмыс уақыты, еңбек қауіпсіздігі, әлеуметтік төлемдер мен кепілдіктер мәселелерінде оң нәтижелерге қол жеткізілді.

Алдағы кезеңде құқықтық сүйемелдеудің сапасын арттыру, консультациялық қолжетімділікті кеңейту, құқық қолдану тәжірибесін жүйелеу және кәсіподақ органдарының жауапкершілік аймағындағы құқықтық жұмысты күшейту негізгі басымдықтардың бірі болып қала береді.

**Айгүл МҰҚАШЕВА,**  
«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы



## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БИОТӨНДІКШІЛІКТІҢ ЖАҢА БУЫНЫ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ ҒАЛЫМДАРЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ДАҚЫЛДАРЫНЫҢ ӨНІМІН АРТТЫРУДЫҢ ТЫҢ БИОТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖОЛЫН ҰСЫНДЫ. БҮЛ ТӘСІЛ ХИМИЯЛЫҚ ТЫҢАЙТҚЫШТАР МЕН ПЕСТИЦИДТЕРДІ ПАЙДАЛАНБАЙ-АҚ ЖОҒАРЫ НӘТИЖЕ АЛУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.

Жаңа ғылыми шешім пайдалы микроағзаларды бір жүйеге біріктіріп, оларды өзара үйлесімді жұмыс істейтін синтетикалық микробтық қауымдастық ретінде қолдануға негізделген.

Бұған дейінгі биологиялық әдістердің әлсіз тұсы – олардың әртүрлі топырақ және климаттың қолайсыз жағдайларында тұрақты әсер бермеуі еді. Ал бұл әзірлеме табиғи ортаның алуантүрлілігіне қарамастан тиімділігін жоғалтпайды. Алматы облысындағы суармалы күріш алқаптарында жүргізілген тәжірибелер өсімдіктердің тамыр жүйесі 20-25 пайызға дейін күшейтінін көрсетті.

Жоба жетекшісі, биотехнология саласының PhD докторы, Сәтбаев университетінің қауымдастырылған профессоры Бекжан Косалбаевтың айтуынша, жеке алынған бактерия штамдары әр ортада бірдей нәтиже көрсете бермейді. Сондықтан зерттеушілер бірнеше микроорганизмді біріктіріп, олардың бір-бірі толықтыратын синтетикалық қауымдастығын жасаған. Мұндай тәсіл өсімдіктердің қоректік заттарды тиімді сіңіруіне ықпал етіп, оларды күйзеліс факторларына және қолайсыз сыртқы әсерлерге төзімдірек етеді.

Зерттеу барысында төрт бактериядан құралған FSQN синтетикалық бірлестігі

ерекше жоғары көрсеткішке қол жеткізді. Ол топырақ құнарлығын күрделі жағдайына қарамастан, жеке штамдарға қарағанда анағұрлым тиімді болды. Кейіннен құрамына азотты байланыстыратын цианобактериялар енгізіліп, NPK деп аталатын жаңа синтетикалық қауымдастық жасасқанды.

Дәстүрлі агрохимиялық әдістер өнімді уақытша арттырғанымен, көбіне топырақ құнарлығының төмендеуіне және су көздерінің ластануына себеп болады. Ал отандық ғалымдардың бұл бастамасы экологиялық тұрғыдан қауіпсіз биотөңкерісшілердің жаңа буынын қалыптастырып, өсімдік шаруашылығын орнықты дамытуға жол ашады.

Бүгінде Бекжан Косалбаев жас зерттеушілермен бірге Қытайдың жетекші жоғары оқу орындарының бірінде ғылыми жұмысын жалғастырып жатыр. Жоба нәтижелері патенттеліп, халықаралық деңгейдегі рецензияланатын басылмаларда жарық көрген. Сонымен қатар дарынды оқушыларға университет зертханаларын ақысыз пайдалану мүмкіндігі қарастырылған.



Жанарай ТАУЖАНОВА:

## МИША АЛТЫН АЛҒАНДА

МӘНЕРЛЕП СЫРҒАНАУДАН ОЛИМПИАДА ЧЕМПИОНА МИХАИЛ ШАЙДОРОВТЫҢ ШТАБЫНДА ЖЕКЕ ЖАТТЫҚТЫРУШЫСЫ АЛЕКСЕЙ УРМАНОВ ПЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА БАПКЕРІ ӘСЕМ ҚАСАНОВАДАН БӨЛЕК, ТАҒЫ БІР БІЛКІТІ МАМАН ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ. БЫЛТЫРДАН БЕРІ МАССАЖ ЖАСАУШЫ МАМАН ЖАНАРАЙ ТАУЖАНОВАНЫ МИХАИЛ ҚАТЫСҚАН ӘР ЖАРЫСТА МУЗ АЙДЫНЫНЫҢ ҚАСЫНДА БАҚЫЛАП ТУРАТЫНЫҢ ЖІ БАЙҚАП ЖҮРМІЗ. МИЛАНДА ӨТКЕН ОЛИМПИАДАДА ДА МИХАИЛ ӨНЕР КӨРСЕТІП БОЛҒАН СОҢ КӨЗ ЖАСЫНА ЕРІК БЕРІП, АТОЙ САЛҒАН ВИДЕОСЫ ЖЕЛІДЕ КЕҢІНЕН ТАРАЛДЫ. ОСЫ РЕТТЕ МИЛАННАН ЕНДІ ОРАЛҒАН ЖАНАРАЙ АПАЙМЕН АЗ-КЕМ СӨЙЛЕСІП, ӘНГІМЕГЕ ТАРТҚАН ЕДІК.

**– Жанарай апай, сіз Михаил Шайдоровпен қай уақыттан бері жұмыс істейсіз? Сіздің міндетіңізге нақты не кіреді?**

– Мен Михаил Шайдоровпен былтыр Италияның Турин қаласында өткен Универсиада кезінде таныстым. Сол кезде ел атынан сыңға түскен барлық мәнерлеп сырғанаушыға мені массаж жасаушы маман ретінде бекіткен еді. Сол кезде Миша және тағы басқа спортшылармен таныстым. Содан соң Мишада маусым басталған кезде мені оның жеке массаж жасаушысы етіп тағайындайды. Осылайша, мен мамыр айынан бері онымен етене жұмыс істеп келемін. Күні-түні деп айтсам да болады, себебі әр жаттығу кезінде, әр жарысында қасында боламын. Менің негізгі міндетім – қиын да күрделі жаттығу жұмысынан соң спортшыны қалпына келтіру, сылап, сипап, дене қалыбын бір қалыпта ұстау. Жаттығу кезінде жарақат алу қаупі жоғары ғой. Сондықтан оның әр жаттығуына қатысатымын. Әлбетте, жарақат алудың бетін әрі қылысы. Мен мұның алдын алу үшін жаттығу кезінде мұз айдынының қасында тұрамын.

**– Біз Михаилды сыртынан салмақты, байсалды әрі ақкөңіл спортшы ретінде танимыз. Ал өмірде ол қандай адам?**

– Өмірде де өте ақкөңіл, өте мейірімді бала. Мен Мишаны Димаш Күдайбергенге ұқсастадым. Ол да Димаш секілді кішіпейіл, кез келген адамға іші тартып, жылы шырай танытып тұрады. Ешкімнің көңілін қалдырмайды. Сондай керемет жан. Әзілқойлығы және бар. Мишаның «Димаштың мына әнін 4-5 жыл бұрын естіген кезде, Олимпиадаға барсам, осы әнмен өнер көрсетемін» деп ниет қылдым» дегенін естігенде бөркімді аспанға лақтырып, оны қатты құшақтап алғаным бар. Мишаны жақсы танитын көп адам оны мен секілді Димашқа ұқсатады. Расында, екеуінің ұқсастығы өте көп деп ойлаймын. Екеуінің адамгершілік қасиеттері бір төбе, еліміздің нағыз патриоты екенін бірі айтпаса да біледі. Кейде қарасаң, қазіргі жастар үлкен-кішілерге қатты сөз айтып, оларды ренжітіп жатады ғой. Көңіліне қарамай сөйлейді. Миша тіпті де ондай емес. Ерекше айта кетерлігі, Миша – өте еңбекқор. Күні-түні дамып таппай, еңбектенеді. Жастар бүгінде жеке өміріне көңіл бөліп, соны паш етіп жүреді ғой. Ал Мишада жеке өмірге де уақыт жоқ. Кейде аналық мейірімге қарап отырып, оған жаным да ашып кетеді. Оның тынымсыз жаттығып, шаршағанын көрген кезде, «Бала бір демалса екен» деген ой келеді. Әрине, оны ешкімге

## ҚУАНҒЫШТАН ЖЫЛАП ЖІБЕРДІМ



айтпайсың ғой. Ол әр жаттығуын беріліп істейді, айрықша көңіл бөледі. Бәзбіреулер кейде жаттығудың ортасынан кетіп қалып жатады ғой. Ал Миша жаттығудан бірде-бір рет қалған емес. Жаттығу десе, ішер асын жерге қояды. Сондай кезде «Жас қой! Уақыт тауып, жеке өміріне де көңіл бөлсе екен» деп ойлап қоямын. Мишаның қандай еңбекқор екенін сипаттауға сөз жетпейді. Сол еңбекқорлығының арқасында осындай дәрежеге жетіп отыр. Қазақстанда 32 жыл болмаған алтын жүлдені иеленді. Құдайға шүкір, қасында жүргендіктен, мен мұны мақтанышпен айта аламын.

**– Сіз Михаилмен ғана жұмыс істейсіз бе? Әлде Софья Самоделькинаға да көмектессіз бе?**

– Жоқ, тек Мишамен жұмыс істеймін. Бірақ осы Олимпиадада Михаилға да, Софьяға көмектестім. Ал байлайынша тек Мишаға ғана көмектесемін.

**– Бір видеода Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосыновпен сөйлесіп тұрған сәтіңізде «Рахмет, алты-**

ным. Өзім бармын ба, жоқпын ба, біліп тұрған жоқпын» деп ағынан жарылып, тарихи жетістіктің тіркелгеніне сенбей тұрғаныңызды естідік. Осы орайда Михаилдың айтулы жеңісінен кейінгі эмоцияңызды тағы бір рет сипаттап берсеңіз.

– Қазір өткендегідей емес, эмоциям сәл басылды. Десе де, әлеуметтік желіден қазақстандықтардың Миша туралы ақжарма тілек, жылы лебіз жазып жатқандарын оқысам болғаны, көзіме бірден жас келеді. Миша жайында жыламай айта алмаймын (көңілі босап). Қазір де көңілім босап отыр. Қуанышымды әлі де жасыра алмаймын. Көкірегіме ерекше бір мақтаныш сезімі ұялап, көз жасымды тия алмай қаламын. Алтын бала алтын медаль алып келді. Осы ретте, Мишаның ата-анасы туралы да айта кетейін. Әкесі Станислав – өте қарапайым адам. Анасы Лариса да – сондай керемет жан. Жақсы танимын, етене араласамыз. Екеуі де аңқылдақ әрі ақкөңіл. Балаларына жақсы тәрбие беріп, бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық сынды адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіртіп, өсірген. Мишаның

еңбекқорлығы мен талапшылығы, содан соң ата-анасының зор қолдауы оны Олимпиаданың алтын жүлдесіне жетелеп алып келді.

**– Сөз соңында өзіңіз туралы айта аз-кем отырсаңыз. Алматыда тұрасыз ба? Бұл салада қанша жыл жұмыс істейсіз?**

– Иә, Алматыда тұрамын. Ұлттық спорттық медицина және оңалту орталығында жұмыс істеймін. Сол орталықта, жалпы осы салада жұмыс істеп жүргеніме 16 жыл болды. Біздің жұмысымыз көбіне көрінбей қалады. Десе де, орталығымыздың әлемдік аренада ел намысын қорғап жүрген спортшыларды баптауда үлкен үлес қосып жүр деп мақтанышпен айта аламын. Біздің мамандар атлеттерге, соның ішінде Мишаға көп қолдау көрсетті. Менің әріптесім Амангүл Абылайқызы – Мишаның денсаулығын кішкентай күнінен қадағалап, ақыл-кеңесін аямай беріп жүрген білікті маман. Біздің орталықта жұмыс істейтін тағы бір мықты маман Ирина Мюллер Мишаның жеке дәрігері болып тағайындалды. Ол да Мишаның денсаулығын күтіп ұстауына баса назар аударып, дәрі-дәрмектерін беріп, ақыл-кеңесін айтып отырады. Сондықтан орталық басшысы мен мамандарының Мишаның дайындық жұмысына өзіндік үлесін қосты деп айта аламын.

Біздің мамандар Мишаға спорттық тағамдар мен дәрі-дәрмектер уақытылы беріп отырды. Медициналық тексеруден де уақытылы өтіп жүрді. Осы ретте, орталығымыздағы білім мен білімі мол мамандарға да алғысымыз айтық келді. Сонымен қатар сөз соңында біздің Үкіметке де ризашылығымызды білдірсем деймін. Миша жаттығуларын еш кедергісіз жасады. Жарыстарға бардық. Үкіметтің қолдауының арқасында бізге «Халық аренада» жаттығуға мүмкіндік берілді. Мишаның қасында бір жыл жүргендіктен бәрін біліп, көріп отырдық. Сол үшін Мишаға айрықша қолдау көрсеткен Үкіметке, содан соң жарыс аяқталғанына екі апта өтсе де, әлі күнге дейін ақжарма тілегін қарша боратып жатқан қазақстандықтарға алғыс айтқым келеді!

**– Инсталляцияға рахмет!**

Сұхбаттасқан  
Әлия ТІЛЕУЖАНҚЫЗЫ



## BORAN КӨРМЕСІ: ТУЫНДЫ МЕН КӨРЕРМЕНДІ БАЙЛАНЫСТЫРҒАН ЖОБА



АСТАНАДА ӨZGEEPIС КРЕАТИВ ХАБЫНЫҢ БАСТАМАСЫМЕН СУРЕТШІ ӘРІ СӘУЛЕТШІ ӘСЕЛ ЕСЖАНОВА «BORAN-BORAN» АТТЫ ТҰҢҒЫШ ЖЕКЕ КӨРМЕСІН ҰСЫНДЫ. БҰЛ ЖОБА – ЖАЙ ҒАНА ЭКСПОЗИЦИЯ ЕМЕС, МӘДЕНИ ЖАДЫ, ЖЕКЕ ӨМІРБАҒН ЖӘНЕ ҒАРЫШТЫҚ-МЕТАФИЗИКАЛЫҚ ИШАРАЛАРДЫ ТОҒЫСТЫРҒАН КӨПҚАБАТТЫ КӨРКЕМДІК ЗЕРТТЕУ КӨРМЕ АВТОРДЫҢ СӘУЛЕТТЕН ЗАМАНАУИ ӨНЕРГЕ ҚАРАЙ ЖАСАҒАН ЖЕТІ ЖЫЛДЫҚ ІШКІ ЭВОЛЮЦИЯСЫН ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ КӨРСЕТЕДІ.

### Наурызбек САРША

Көрменің авторы, суретші Әсел Есжанова – Urban Forum Kazakhstan қорының тең негізін қалаушысы әрі RIBA-ның 100 Women: Architects in Practice тізіміне енген. Көрмені ұйымдастыруға ÖzgeEpic қоры мен креатив хабының директоры Тоғжан Құрманжанқызы мен «Тіл-Қазына» ҰҒПО» Басқарма төрайымы Мақпал Жұмабай ұйытқы болды. Олардың пікірінше, жоба – жанның үні мен заманауи өнердің тоғызқанды нүктесі.

Көрме суретшінің жан дүниесіне, ішкі тебіренісіне жол ашатын инсталляциялар мен перформанстарға толы. Жобаның концептуалдық өзегі суретшінің Арал теңізі өңіріне сапарынан бастау алады. Құрған теңіз табыны, жел ұшырған тұз бен шегінген су шебі авторды сәулеттік сызбалар жеткізе алмайтын терең сұрақтармен бетпе-бет қалдырған. «Бұл көрме – менің жадымның бейнесі. Әр еңбек жоғалған сабақтастықты қайта табуға ұмтылыс», – дейді суретшінің өзі.

Көрме атауы бірнеше мағынаны топтастырған. Біріншіден, «боран» – даланың долы мінезін, қарлы дауылды

әзірлеген. Саунд-артта Аралдың табиғи дыбыстары мен суретшінің анасы орындаған бесік жыры қабаттасып, акустикалық жады кеңістігін қалыптастырады.

Көрмеде киіз бен ағаш негізгі материал ретінде алынған. Күйдірілген қарағай мен Аралдан алынған ескі қайық уақыттың ізі мен тарихи жараның материалдық белгісі ретінде көрініс табады.

Автор туралы толығырақ айтсақ, Әсел Есжанованың кәсіби қызметі сәулет, урбанизм және олардың қоғамға әсерін зерттеуге бағытталған. Сәулетшіні, әсіресе, түрлі аудиторияларды дизайн туралы сұхбатқа тарту және сәулетке күнделікті өмірдің бір бөлігі ретінде саналы қатынас қалыптастыру қызықтырады. Тың иерілері өңкелерде балалық шағы өткен Әселде кеңестік әлеуметтік саясатқа ерте қызығушылық оятып, бұл тақырып бүгінге дейін оның сәулет пен қоғамдық процестерге деген көзқарасына әсер етеді. Өзінің көрме және кураторлық жобаларында ол сталиндік қуғын-сүргіннен бастап скейт-мәдениетке және еңбек көшіне дейін кең тақырыптар ауқымын зерттейді.



білдірсе, екіншіден, бұл – суретшінің балалық шағындағы еркелету есімі екен. Үшіншіден, «Боран» атауы «Бұран» ғарыш кемесін меңзейді. Ол Байқоңыр ғарыш айлағынан ұшырылған кеңестік технологиялық амбицияның символы болатын.

Осылайша табиғат құбылысы, жеке естелік және тарихи жоба бір атаудың ішінде түйісіп, жады мен кеңестік арасында үнсіз диалог құрады. Экспозицияның орталық артефактісі – «Келу» инсталляциясы. Арал жағалауынан әкелінген ескі қайық бесік формасына келтіріліп, кеңестікте тік құрылым түзген. Бұл жұмыс көрерменге тек бақылаушы болуды емес, қатысушы болуды ұсынады. Келушілер бесіктің ішіне жатып, туындымен тәндік байланыс орната алады. Бесік – бастау мен қамқорлықтың, қайық – аман қалу мен үміттің символы. Осы екі образдың бірігуі тіршіліктің нәзіктігі мен адам болмысының шекаралық күйін дәл көрсетеді.

Көрме кураторы Әсел Ахметжанова жобаның басты ерекшелігі – көрермен мен туынды арасындағы қашықтықтың жойылуы екенін атап өтеді.

Инсталляцияның дыбыстық кеңістігін композитор Бексұлтан Бахытжан

Әсел Есжанова киіз арқылы ұрпақтар арасындағы байланысты материалдық формаға енгізеді. Әр тігіс пен талшық – әйел үні мен естеліктің ізі. Бұл тұрғыда суретші әйел бейнесін «жан дүние сәулетшісі» ретінде ұсынады.

Көрмедегі киіз инсталляциялар – суретшінің өз тамырына оралу актісі ретінде көрініс табады. Бұл жердегі әр тігіс, әр бедер әйел үміті мен естеліктерін бейнелейді.

Экспозицияда ұсынылған күнделік жазбаларды көрермен оқып, ұстап көріп, тындап, сезіне алады. Көрермен оны оқи отырып, суретшінің ішкі рефлексиясының, далада ұйытқы соққан боранның, далалық жердегі отаудың жылы төрінен естілген әже әлдіңің және қиялы көкке самғаған қазақ әйелінің толғауына ой жұптіріп, өз жанына азық, көңіліне медет таба алады.

Бұл көрме жеке тәжірибе арқылы ұжымдық жадты қозғайды, экологиялық апат арқылы рухани жаңғыру мәселесін көтереді. Экспозициядан шыққан көрермен тек өнер туындысын тамашалап қана қоймай, өз жадысының қатпарларымен бетпе-бет келеді. Боран сыртта соғып тұр ма, әлде адамның ішінде ме – оны әркім өзі анықтайды.



Меншік иесі –  
«Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор  
Бауыржан БАБАЖАНҰЛЫ

Бас редактордың орынбасары  
Тоқтарәлі ТАҢЖАРЫҚ

ЖУРНАЛИСТЕР:  
Арайлым ЖОЛДАСБЕКҚЫЗЫ,  
Әлия ТІЛЕУЖАНҚЫЗЫ,  
Наурызбек САРША,  
Ділда УӘЛИБЕК,  
Ахмет ӨМІРЗАҚ  
(Алматы қаласы)

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ:  
Елдар ҚАБА  
(беттеуші-дизайнер)

Корректор:  
Саягүл САПАРҚЫЗЫ

Нөмірдің кезекшісі:  
Арайлым ЖОЛДАСБЕКҚЫЗЫ

• Астана қ. «Медиа-холдинг»  
«ERNUR» ЖШС Сипеті көшесі 30,  
төл.: 8(7172) 99-77-77  
• Тапсырыс №10200. Таралымы 5762 Көлемі 4 б. т.

Бағасы көлімнен бойынша



Мекенжайымыз: 010000. Астана қаласы, Д.Қонаев көшесі 12/1

Редакция телефоны – 8(7172) 72-95-39  
ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.liter@gmail.com  
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:  
8(771) 804-61-32, 8(7172) 72-95-39  
podpiska.alt@gmail.com

• Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді  
• Оқырман хаттарына жауап қайтарылмайды  
• «Түркістан» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Суреттердің сапасына редакция жауап бермейді  
• Мақалалар коммерциялық негізде басылды  
• Жарнамалар мазмұнына редакция жауап бермейді

M 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Газет «Түркістан» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, қайта есепке қою туралы №КЗ2009У00019166 куәлігі 08.01.2020 жылы берілген.

Индекс: Жеке жазылушылар үшін – 65413, мекемелер мен ұйымдар үшін – 15413.